

Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярдың нысанын және оны ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидаларын бекіту туралы

Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 31 мамырдағы № 583 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2016 жылы 12 шілдеде № 13911 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2013 жылғы 26 тамыздағы № 852 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, босқын куәлігін және жол жүру құжатын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларының 5-тармағына сәйкес бұйырамын:

Ескерту. Кіріспе жана редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Мыналар:

- 1) осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярдың нысаны;
- 2) осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярды ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидалары бекітілсін.

2. "Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарын дайындау үшін формулярдың нысанын және оны ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің міндетін атқарушының 2015 жылғы 31 шілдедегі № 649 бұйрығының күші жойылды деп танылсын (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 12054 болып тіркелген, 2015 жылғы 19 қарашада "Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорын "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде жарияланған).

3. Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаменті:

- 1) осы бұйрықты заңнамамен белгіленген тәртіпте Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;
- 2) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде оның көшірмелерін мерзімді баспа

басылымдарында және "Әділет" ақпараттық-құқықтық жүйесінде ресми жариялауға жолдауды;

3) осы бұйрықты Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің интернет-ресурсында және мемлекеттік органдардың интернет-порталында орналастыруды;

4) Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуден өткен осы бұйрықтың көшірмесін алған күнінен бастап бес жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы нормативтік құқықтық актілерінің Эталондық бақылау банкіне енгізу үшін Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің "Республикалық құқықтық ақпарат орталығы" шаруашылық жүргізу құқығындағы республикалық мемлекеттік кәсіпорынға жолдауды;

5) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркегеннен кейін күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 2), 3) және 4) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Заң департаментіне ұсынуды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің орынбасары полиция генерал-майоры Е.З. Тургумбаевқа және Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон полициясы департаментіне (С.С. Сайынов) жүктелсін.

5. Осы бұйрық алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Министр
полиция генерал-полковнигі

Қ. Қасымов

Қазақстан Республикасы
Ішкі істер министрінің
2016 жылғы 31 мамырдағы
№ 583 бұйрығына
1-қосымша
Нысан

Формуляр

паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін, шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты, азаматтығы жоқ адамның куәлігін, босқын куәлігін және жол жүру құжатын ресімдеу, беру, ауыстыру, тапсыру, алып қою және жою қағидаларының (бұдан әрі – Қаулы) 5-тармағына сәйкес әзірленді және жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярды ресімдеу, толтыру, есепке алу, сақтау, тапсыру, жұмсау, жою тәртібін айқындайды.

Ескерту. 1-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2. Осы Қағидаларда мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) формуляр – нөмірі мен штрихты коды бар қатаң есептегі баспаханалық бланк, ол Қазақстан Республикасының құжаттандырылған халқының орталықтандырылған ақпараттық деректер базасына (бұдан әрі – деректер базасы) енгізілетін ақпаратты тасымалдағыш болып табылады және одан әрі берілген құжаттармен жеке тұлғаны сәйкестендіру мақсатында пайдаланылады.

2) электрондық формуляр – жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқынның куәлігінен басқа) әзірлеу үшін нөмірі мен штрихты коды бар бланк, "Халықты құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункті" (бұдан әрі – ХҚТ ТП) және "Шетелдіктерді құжаттандыру және тіркеу" тіркеу пункті" (бұдан әрі – ШҚТ ТП) ақпараттық жүйелері арқылы ресімделеді және толтырылады.

3) босқын - нәсілдік, ұлттық, діни сенімі, азаматтық белгісі, белгілі бір әлеуметтік топқа жататындығы немесе саяси нанымы бойынша қудалаудың құрбаны болу қаупінің негізділігіне орай өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген және өз елінің қорғауын пайдалана алмайтын немесе осындай қауіп салдарынан мұндай қорғауды пайдаланғысы келмейтін шетелдік немесе осындай қауіп салдарынан еліне қайтып орала алмайтын немесе қайтып оралғысы келмейтін, өзі тұрақты тұратын немесе өзі азаматы болып табылатын елден тыс жерде жүрген азаматтығы жоқ адам.

Ескерту. 2-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

2-тарау. Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярлар бланкісін ресімдеу, толтыру, есепке алу, жұмсау тәртібі

1-параграф. Жеке басты куәландыратын құжаттарды (босқын куәлігінен басқа) дайындау үшін формулярлар бланкісін ресімдеу, толтыру, есепке алу, жұмсау

3. Формулярды ресімдеуді және толтыруды құжатталушы адам жеке басын сәйкестендіру және жеке қолын қою үшін жеке жүгінген кезде көші-қон қызметі бөлінісінің уәкілетті қызметкері (бұдан әрі – уәкілетті қызметкер) жүзеге асырады.

Ресімделген кезде жеке басты куәландыратын құжаттарды құжаттандырылатын адам түпнұсқада не цифрлық құжаттар сервисі арқылы ұсынады.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2022 № 770 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін алуға формулярды жоғалтуына, жарамдық мерзімінің аяқталуына, некеге тұру, бұзу бойынша тегін ауыстыруына, одан әрі пайдалануға жарамсыз болып қалуына, құжаттарының түрлерінің өзгеруіне, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі негізінде алғаш рет Қазақстан Республикасы азаматының паспортын алуына байланысты паспортын және (немесе) жеке куәлігін ауыстырған, туу туралы куәліктің негізінде кәмелетке толмаған балалар бірінші рет Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін алған жағдайда құжатталушы адамның тұрақты тіркелу орны, сондай-ақ оның нақты болған орны бойынша уәкілетті қызметкер толтырады.

Құжатталушы адамның тұрақты тұрғылықты орны болмаған жағдайда (шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды қоспағанда), уәкілетті қызметкер формулярды ішкі істер органдары растаған оның нақты болу орны бойынша (белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған оңалту және бейімдеу орталығы, қылмыстық-атқару жүйесі мекемелері, тергеу изоляторлары, уақытша ұстау изоляторлары, белгілі тұрғылықты жері жоқ адамдарға арналған қабылдау-тарату орындары) толтырады.

Шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат және азаматтығы жоқ адамның куәлігін алуға формулярды қатаң түрде құжатталушы адамның тұрақты тіркелген орны бойынша уәкілетті қызметкер толтырады.

Бланкіде формуляр мынадай жағдайларда:

1) тергеу қамауындағыларға және бас бостандығынан айыру орындарда жазасын өтеп жатқан адамдарға;

2) өзіне-өзі қызмет көрсету, өздігінен қозғалу, бағдарлау қабілетін немесе мүмкіндігін толық немесе ішінара жоғалтқан адамдарға 1414 бірыңғай байланыс орталығына жүгіну арқылы тұрғылықты жеріне шыға отырып;

3) Қазақстан Республикасының азаматтарына, 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын ауыстыруына және оларды жоғалтуы бойынша өтініш білдірген адамдарға, сондай-ақ туу туралы куәліктің негізінде жеке басын куәландыратын құжаттарды алғаш рет алуға уақтылы өтініш бергендерге;

4) ХҚТ ТП және ШҚТ ТП тіркеу пункттері болмаған кезде;

5) ХҚТ ТП-мен, ШҚТ ТП-мен байланыс арналары істен шыққан немесе олардың құрал- жабдықтары істен шыққан жағдайда;

6) республикадан тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқан және оның аумағында уақытша жүрген Қазақстан Республикасының азаматтарына, сондай-ақ Қазақстан

Республикасы Ішкі істер министрлігінің Көші-қон қызметі комитетіне (бұдан әрі – ПМ КҚКК) құжаттандыру мәселелері бойынша өтініш білдірген Қазақстан Республикасының азаматтарына толтырылады (формулярларды толтыруды және дайын құжаттарды беруді ПМ КҚКК жүргізеді).

Ескерту. 4-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2017 № 814 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен; өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 29.09.2022 № 770 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

5. Формулярлардың бланкілері № 2 нысанды жеке куәліктерді, паспорттарды дайындауға арналған формулярларды есепке алу кітаптарындағы реттік нөмірлері бойынша осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша (бұдан әрі – 2-нысандағы кітап) есепке алынады және жұмсалады.

6. Формуляр қара, қара-көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен толтырылады. Формулярдағы деректерді түзету туралы жазба формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға "№..... жолдағы түзету дұрыс (дұрыс деректерді көрсете отырып)" деп жүргізіледі, уәкілетті қызметкердің қолымен және паспорттық елтаңбалы мөрмен расталады.

7. Қағаз формулярларды толтырған кезде құжатталушы адамнан өлшемі 3,5x4,5 сантиметр болатын түрлі-түсті екі фотосурет талап етіледі, фотосурет азаматтың құжат ресімдеу кезіндегі жасына сәйкес болуы тиіс.

Фотосуреттер бір негативтен тығыз фотоқағазға басып шығару әдісімен, қатаң жарық жерде алдынан түсірілген, адамның бейтарап және аузын жауып түскен, беті фотосуреттің жалпы ауданының 75 % жуығын алатындай етіп орындалады. Компьютерлік сканерлеу, модельдеу немесе ксерокөшірме әдісімен дайындалған суреттерді пайдалануға жол берілмейді.

Фотосурет:

формулярдың алдыңғы бетінде арнайы бөлінген орынға;

формулярдың сыртқы бетінде 18-жолдың қасына жапсырылып, паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылады. Мөр бедері анық, еркін оқылатын болуы тиіс, бұл ретте мөрдің нөмірі бланкіге (фотосуретке емес) қойылуы тиіс;

8. Формулярда құжатталушы адамның қолы өз қолымен қара, көк немесе күлгін түсті сиялы шарикті қаламмен қойылады. Сия және капилляр (гельді) қаламдарды пайдалануға жол берілмейді.

Формулярларды толтыру кезінде:

16 жасқа толмаған балаларға;

сауатсыздығы, мүгедектігі бойынша әрекетке қабілетсіз адамдарға;

ерекше жағдайларда, құжатталушы адам (тергеу-қамауға алынғандар, тергеудегі адамдар) жеке қолын қоюдан бас тартқан жағдайларда қол қоймауларына болады.

Көрсетілген жағдайларда қол қоюға арналған баған бос қалдырылады, Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің міндетін атқарушының 2020 жылғы 30 қазандағы № ҚР ДСМ-175/2020 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 21579 болып тіркелген) денсаулық сақтау саласындағы есепке алу құжаттамасының нысандарына сәйкес берілген растайтын құжаттың көшірмесі (мүгедектігі бойынша зейнеткерлік куәлігі, құқық қорғау органының хаттамасы, денсаулық сақтау органының құжаты) қабылданады. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында қолтаңбаның жоқтығының себебі көрсетіледі, ол уәкілетті қызметкердің қолтаңбасымен және елтаңбалық мөрмен расталады.

Ескерту. 8-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

9. Формулярды толтыру кезінде тегі, аты, әкесінің аты (ол болған кезде) (бұдан әрі – Т.А.Ә. (ол болған кезде) және басқа да деректер, жергілікті жердің атауы, құжаттарды берген орган формулярды толтыру үшін негіз болып табылатын құжаттардағы жазбаларға сәйкес жазылады, бұл ретте Қазақстан Республикасының аумағында орналасқан елді мекендердің атауы қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлініске сәйкес жазылады.

10. Жеке басты куәландыратын құжаттарды ресімдеу кезінде құжатталатын адамның тегі мен аты ұсынылған құжаттар (шетелдіктің ұлттық паспорты, шақыру-шақырту, неке туралы куәлік, ғылыми еңбектер, монограммалар және т.б.) бойынша оған қажетті ағылшынша жазумен басылады. Ішкі істер органдарына құжатталушы адам жоғарыда санамаланған құжаттарға сәйкес тегі мен атының ағылшын тілінде жазылуын көрсете отырып, еркін нысанда жазбаша өтініш береді. Аумақтық ішкі істер органы басшысының бұрыштамасы бар өтініш - "транскрипция" формулярдың сыртқы жағына жапсырылды және ІІМ КҚҚК-ге құжаттар дайындау үшін жолданады.

Азаматтың тегі мен аты қажетті транскрипцияда формулярдағы 2, 3-жолдардың астында көрсетіледі. Құжатталушы адамның өтінішінің тіркеу нөмірі мен күні формулярдың сыртқы бетінде көрсетіледі және елтаңбалы мөрмен расталады.

Ескерту. 10-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2017 № 814 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

11. Барлық кодтар, сондай-ақ тіркелген мекенжайлары және олар бойынша қабылданған қысқартулар кодтар мен қысқартулардың анықтамалықтарына (бұдан әрі - анысәйкес осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша көрсетіледі.

6, 10, 13, 14, 15, 16, 17, 18, 19-жолдардағы мерзімдер сандармен мынадай ретпен қойылады: жылы, айы, күні.

Формулярды толтыру кезінде:

"ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІК" деген нөмірі жоқ жол тапсырыс берілген құжаттың түріне сәйкес Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен паспорты үшін – "N", азаматтығы жоқ адамның куәлігі үшін – "A", Қазақстан Республикасында тұратын шетелдіктің ықтиярхаты үшін – "I" латынша бас әріптерін қою арқылы толтырылады. Егер Қазақстан Республикасының азаматы тек жеке куәлік немесе тек паспорт алатын болса, екінші жолда сызықша қойылады.

"ПАСПОРТ, ЖЕКЕ КУӘЛІГІ БЕРІЛЕДІ" деген 1-жолда формулярды толтырудың бір немесе бірнеше себептерінің коды (7 кодқа дейін) көрсетіледі, мысалы, тегін өзгерту – "04", жеке куәліктің жоғалуы – "09", заңды мекенжайын ауыстыру – "10" не басқа кодтар көрсетіледі.

Ескерту. 11-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

12. Ақпараттық 1-жолда кодтар мынадай тәртіпте көрсетіледі:

1) Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру кезінде:

"00" коды формулярды Қазақстан Республикасы азаматының паспортын, азаматтығы жоқ адамның куәлігін 16 жасқа дейінгі балаларға беруге толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәліктің деректері жазылады, баланың тұрғылықты жері бойынша тіркеуде болуына тексеру жүргізілген жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) формулярдың сыртқы жағындағы бос орынға көрсетіледі.

Балалардың жеке басын сәйкестендіру үшін олардың жеке қатысуы талап етіледі.

Жеке басты куәландыратын құжаттары жоқ және туу туралы куәліктерінде ЖСН-ы көрсетілмеген 16 жасқа толмаған балаларға оны генерациялау ХҚТ ТП ақпараттық жүйелері арқылы жүргізіледі.

Балаларға ЖСН генерациялау үшін ата-аналарының (заңды өкілдерінің) біреуі баланың туу туралы куәлігін, ата-анасының (заңды өкілдерінің) біреуінің жеке куәлігін ұсынады. Баланың азаматтығын растау үшін уәкілетті қызметкер ата-анасының (заңды өкілдерінің) екеуінің де жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша құжатталған халықтың деректер базасында, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасы аумағында туу фактісін растау үшін баланың туу туралы мәліметі бойынша "АХАЖ тіркеу пункті" ақпараттық жүйесімен (бұдан әрі - АХАЖ АЖ) өзара ақпараттық іс-қимыл арқылы тексеруді жүзеге асырады. ХҚТ ТП-да туу туралы мәліметтер болмаған жағдайда тексеру туу туралы куәліктің ұсынылған түпнұсқасы бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте азаматтық хал актілерін мемлекеттік тіркеуді жүзеге асыратын тіркеуші органға (бұдан әрі - АХАТ органы) екі жұмыс күні ішінде туу туралы акт жазбасының көшірмесін алу үшін сұрау салу жіберіледі.

Шет тілінде жазылған құжаттар мемлекеттік не орыс тіліне аударылуы тиіс. Аудармашы қолтаңбасының түпнұсқалығы нотариалды куәландырылады.

Балалардың айқындамалық деректері туу туралы куәлігіне сәйкес жазылады, күні, нөмірі және оны берген органның атауы көрсетіледі.

Республикадан тыс жерде туылған адамдарға ЖСН-ды генерациялау үшін Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері берген туу туралы куәліктерді қоспағанда, "Қазақстан Республикасының шетелдік ресми құжаттарды заңдастыру талаптарын жоятын конвенцияға қосылуы туралы" 1999 жылғы 30 желтоқсандағы Қазақстан Республикасының Заңына (бұдан әрі – Конвенция) сәйкес ресімделген туу туралы куәлік ұсынылады.

ЖСН-ды генерациялауды Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорны (бұдан әрі – "АӨО" РМК) ХҚТ ТП-ға өтінім берілген күннен бастап екі жұмыс күні мерзімде жүргізеді.

ЖСН-ның қайталануына жол бермеу мақсатында, "АӨО" РМК деректер базасында салыстыра тексеру жүргізеді, мәліметтер болмаған жағдайда, генерацияланған ЖСН ХҚТ ТП-ға жолданады.

Генерацияланған ЖСН нөмірі туу туралы куәлікке қосымша парақта осы Қағидаларға 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша берілген ЖСН-мен бірге көрсетіледі, уәкілетті қызметкер қол қояды және елтаңбалы мөрмен расталады. Жеке басты куәландыратын құжаттар болмаған жағдайда балалардың айқындау деректерінің өзгеруіне байланысты ЖСН-ге түзетулер, АХАЖ АЖ-дан айқындау деректерінің өзгергені туралы мәліметтер келіп түскен кезде "АӨО" РМК жүргізеді.

"01" коды 16 жасқа толған адамдар үшін формуляр ресімдеу кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда Қазақстан Республикасының жеке куәлігіне және паспортына ресімдеу кезінде туу туралы куәліктің деректері жазылады.

Егер құжатталушы адам 16 жасқа толғанға дейін жеке басын куәландыратын құжат алған жағдайда, 9, 10, 11-жолдарда бұрын берілген деректері жазылады.

"00" немесе "01" коды бойынша формулярды ресімдеу кезінде:

Баланың азаматтығын растау үшін уәкілетті қызметкер құжатталған халықтың деректер базасында ата-анасының (заңды өкілдерінің) екеуінің де жеке басын куәландыратын құжаттар бойынша, сондай-ақ оның Қазақстан Республикасы аумағында туу фактісін АХАЖ АЖ-да баланың туу туралы мәліметтері бойынша тексеруді жүзеге асырады. АХАЖ АЖ-да туу туралы мәліметтер болмаған жағдайда тексеру туу туралы куәліктің ұсынылған түпнұсқасы бойынша жүзеге асырылады, бұл ретте АХАТ органынан екі жұмыс күні ішінде туу туралы акт жазбасының көшірмесін алу үшін сұрау салу жіберіледі. Ата-анасының біреуінің жеке куәлігінің нөмірі, күні және берген органы (заңды өкілдерінің жеке қатысуы талап етіледі) формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында көрсетіледі;

ата-аналарының азаматтығы әртүрлі болған кезде шетелдік ата-анасынан баласының Қазақстан Республикасының азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарын алуы үшін нотариалды расталған өтініш-келісім ұсынылады (бала Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде және ата-аналарының азаматтығы әртүрлі болғанда, бірі бала туылған кезде Қазақстан Республикасының азаматтығында болған және ата-аналарының екеуі де сол уақытта Қазақстан Республикасынан тыс жерлерде тұрақты тұрып жатқан жағдайда);

республикадан тыс жерлерде туылған адамдарға формулярларды толтыру Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері берген туу туралы куәліктерді қоспағанда, Конвенцияға сәйкес ресімделген туу туралы куәліктердің негізінде жүргізіледі;

Формулярды толтыру кезінде "04" коды Т.А.Ә. (ол болған кезде) өзгерген кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы құжаттың деректері, ал 5-жолда – бұрынғы тегі, ал 3 және 4-жолдардың астында – бұрынғы аты, әкесінің аты жазылады.

Некеге тұру немесе бұзу кезінде таңдалған тегі некеге тұру (бұзу) туралы куәліктегі жазбаға, заңды күшіне енген сот шешіміне сәйкес көрсетіледі, олардағы деректер формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға жазылады;

"05" коды туған күнін өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке басын куәландыратын құжаттың деректері жазылады. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында туу туралы куәліктің деректері көрсетіледі.

Айқындау деректерінің, туған жерінің өзгеруі туралы мәліметтерді уәкілетті қызметкер өзара іс-қимыл біріктіру арқылы АХАЖ АЖ-дан алады. Олар АХАЖ АЖ-да болмаған жағдайда, ұлттық дәстүрлерге сәйкес ұлты қазақ адамдарға неке (ерлі-зайыптылық) қию (бұзу) бойынша тегін және әкесінің атын өзгерту жағдайларын қоспағанда, Қазақстан Республикасы азаматының айқындау деректерін, туған жерін өзгерту бойынша паспортты, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін беруге формулярды толтыру осы Қағидаларға 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айқындау деректерін ауыстыру туралы қорытынды (бұдан әрі - анықтамалық деректерді ауыстыру туралы қорытынды) шығарылғаннан кейін туу туралы куәліктің негізінде жүргізіледі.

Айқындамалық деректерді ауыстырудың шынайылығын анықтау үшін уәкілетті қызметкер тексеру материалдарын қалыптастырады:

азаматтың айқындамалық деректерін өзгерту туралы еркін нысандағы өтініші;

айқындамалық деректерін өзгерту туралы куәліктің көшірмесі (ол болған кезде);

қайта берілген туу туралы куәліктің көшірмесі (ол болған кезде);

туу туралы акт жазбасының көшірмесі (азамат қайтадан алған туу туралы куәлік ұсынған кезде).

Айқындамалық деректерді ауыстыру туралы өтініштің негізділігін растау кезінде уәкілетті қызметкер екі жұмыс күні мерзімде айқындамалық деректерді өзгерту бойынша қорытынды шығарады, оны Ішкі істер басқармасының (бөлімнің) бастығы

немесе оның орынбасары бекітеді. Қорытындыны тіркеу осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша айқындамалық деректерін, ұлтын, туған жерін ауыстыру, жеке басын тексеру бойынша және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру, 1974 жылғы үлгідегі паспортты жоғалту туралы қорытындыларды тіркеу журналында (бұдан әрі – қорытындыларды тіркеу журналы) жүргізіледі. Тексеру материалы жеке номенклатуралық іске қалыптастырылады.

"06" коды шығарылған жеке басын куәландыратын құжаттардағы жазуларда сәйкес келмеулер анықталған жағдайда көрсетіледі. 9, 10, 11-жолдарда сәйкес келмеулер анықталған құжаттың деректері жазылады.

Егер дайындалған жеке басты куәландыратын құжаттарда өндірістік ақауға жол берілсе, жаңадан ресімделген формулярмен бірге бұрынғы формулярды және жіберілген қатесі бар құжатты жалпы тізімге енгізбей, жеке тізіліммен ІІМ КҚҚК-ге жолданады, ал жеке басты куәландыратын құжаттарды қайта дайындау "АӨО" РМК-ның есебінен жүргізіледі. Жаңа құжат дайындалғаннан кейін бұрынғы (қатесі бар) құжат өндірістік ақау ретінде "АӨО" РМК-да жойылады, ал формулярдың екеуі де дайындалған құжатпен бірге оларды толтыру орны бойынша қайтарылады. Егер жазудағы сәйкес келмеулер формулярды толтыру кезінде уәкілетті қызметкерлердің кінәсінен жол берілген болса, ІІМ КҚҚК-ге жаңадан толтырылған формуляр енгізілген мәліметтердің дұрыстығын растайтын құжаттың көшірмесімен бірге жолданады. Формулярдың сыртқы бетіне қате табылған жол көрсетіле отырып, елтаңбалы мөрмен расталған жазба жүргізіледі, қате жіберілген құжат Қаулының 47,48-тармақтарына сәйкес жойылады.

Құжатталатын адамның фотосуретінің деректер базасындағы жеке басты куәландыратын құжаттағы фотобейнемен сәйкес келмейтіні анықталған кезде уәкілетті қызметкер құжатталатын адамның жеке басын және құжаттардағы сәйкессіздіктердің себептерін тексергеннен кейін формулярды "06" коды бойынша толтырады.

Жеке басты растау үшін осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтың жеке басын тану хаттамасы (бұдан әрі – жеке басты тану хаттамасы) толтырылады. Жеке басты тану хаттамасы оның фотокарточкасы мен біруақытта ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша басқа адамдардың фотокарточкаларымен бірге жақын туыстарын немесе азаматты кемінде 10 жылдан бері білетін адамдарды тарта отырып, толтырылады.

Екі жұмыс күн ішінде қорытынды шығарылып, формулярмен және осы Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жарамсыз жеке басты куәландыратын құжаттарды, 1974 жылғы үлгідегі паспорттарды, шекара аймағы тұрғынының куәлігін, толтыру кезінде бүлінген формулярлардың бланкілерін жою туралы актімен (бұдан әрі – жою туралы акті) бірге осы Қағидаларға 8-қосымшаға сәйкес жарамсыз жеке басты куәландыратын құжаттарды жою себептерінің тізбесіне сәйкес құжаттың жарамсыздық

себептерін көрсете отырып, ІІМ КҚҚК-ге жолданады, қорытындыны тіркеу қорытындыларды тіркеу журналында жүргізіледі;

"07" коды құжат пайдалануға жарамсыз болған жағдайларда (бүліну, ескіру, техникалық ақаулар, паспорттың барлық беттерін пайдалану, жеке басын куәландыратын құжатта ЖСН болмауы және т.б.) көрсетіледі.

Бүлінуіне, ескіруіне, жеке басын сәйкестендірудің мүмкін болмауына байланысты пайдалануға жарамсыз құжат формулярды толтыру кезінде алынады.

Сонымен, "07" коды формулярды деректер базасында "талап етілмеген құжаттар" ретінде жарамсыздар разрядына енгізілген құжаттың негізінде ресімдеу кезінде көрсетіледі.

"08" коды Қазақстан Республикасының азаматы өз ұлтын өзгерткен кезде көрсетіледі.

Формулярды "08" код бойынша толтыру кезінде ұлтының өзгеруіне байланысты мыналарды басшылыққа алу қажет:

азаматтардың паспорттарында және жеке куәліктерінде ұлты туралы жазбаны өзгерту олардың жазбаша өтініштері бойынша туу туралы куәліктерінің және қолдаухаттың негізділігін растайтын өзге де құжаттардың негізінде жүргізіледі;

паспортта және жеке куәлікте ұлты туралы жазба ата-аналарының ұлтына сәйкес жүргізіледі. Ата-аналарының ұлты әртүрлі болған кезде Қазақстан Республикасының азаматы ұлтын әкесінің немесе анасының ұлты бойынша еркін тандайды;

одан әрі өтініш бойынша ұлты тек басқа ата-анасының ұлтына өзгереді.

Ерекше жағдайларда қуғын-сүргін кезеңінде Қазақстан Республикасының аумағына күштеп көшірілген Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарында, жеке куәліктерінде ұлты туралы жазбаны өзгертуге рұқсат етіледі. Ұлтын өзгерту "Жаппай саяси қуғын-сүргіндер құрбандарын ақтау туралы" 1993 жылғы 14 сәуірдегі Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес берілетін ақталғаны туралы анықтаманың негізінде жүргізіледі.

Азаматтардың паспорттыңдағы және жеке куәлігіндегі ұлты туралы жазбаны өзгерту жөніндегі даулар Қазақстан Республикасының заңдарына сәйкес сот тәртібімен шешіледі.

Формуляр ұлтын өзгерту туралы өтініштің негізділігі расталғаннан және Полиция басқармасының (бөлімнің) бастығы немесе оның орынбасары бекіткен екі жұмыс күні мерзімде шығарылған және қорытындыларды тіркеу журналында тіркелген ұлтын өзгерту бойынша қорытындыдан кейін толтырылады және тіркеледі. Тексеру материалдары жеке номенклатуралық істе қалыптастырылады.

Формулярдың 9, 10, 11-жолдарында бұрынғы жеке куәліктің (немесе паспорттың – шетелде тұратындар үшін) деректері жазылады, ал формулярдың сыртқы бетіндегі бос

орында паспорттық елтаңбалы мөрмен расталатын ұлтын өзгерту туралы қорытындының нөмірі мен күні жазылады. 8-жолда азаматтың жаңа ұлты, ал 8-жолдың астына бұрынғы ұлты жазылады.

Біруақытта "08" коды бойынша формуляр ресімдеу кезінде уәкілетті қызметкер азаматқа ұлты туралы жазбаның өзгертілгені туралы анықтама береді, ол азаматтық хал актілеріндегі тиісті жазбаларда ұлты туралы мәліметтерге өзгерістер енгізу үшін тұрғылықты жері бойынша АХАТ органына ұсынылады.

Осы "08" код азамат жеке басын куәландыратын құжаттарын оларда ұлтын көрсеткісі келмеуіне байланысты ауыстырған кезде формулярды толтыру кезінде көрсетіледі. 8-жол толтырылмайды, онда "999" коды қойылады.

"09" коды жеке басты куәландыратын құжаттарды (Қазақстан Республикасы азаматының паспортынан басқа) жоғалтуына байланысты формулярды толтыру кезінде көрсетіледі.

Жеке басын куәландыратын құжаттарын жоғалтқан адамдар ішкі істер органдарына осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжаттың қайда, қашан және қандай жағдайда жоғалғанын көрсете отырып, жазбаша өтініш береді.

Жеке басын растауды тексеру және жоғалған жеке басты куәландыратын құжат туралы мәліметтер беруді уәкілетті қызметкер деректер базасында жүргізеді.

Картотекада формуляр болмаған кезде осы Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша формулярдың жоғалғаны (болмауы) туралы акт жасалады.

Жеке басын және жоғалған жеке басын куәландыратын құжат туралы мәліметтерді растау үшін ІІМ КҚҚК деректер базасынан ІІМ КҚҚК-нің елтаңбалық мөрімен куәландырылған фотосуреті бар ақпарат сұратылады.

Жоғалған жеке басын куәландыратын құжаттар басқа өңірлерде алынған адамдар өтініш білдірген жағдайда, ХТҚ ТП жоқ көші-қон қызметі бөліністері құжат иесінің сәйкестігін растау және жоғалған құжат туралы мәліметтер беру үшін осы Қағидаларғы 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша фотосуреттері бар формулярдың (1-нысан) көшірмелерін ұсыну туралы сұрау салу жолдайды.

Жеке басын куәландыратын құжаттардың, 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттардың жоғалуына байланысты сұрау салулар азаматтардың өтініштері келіп түскеннен кейінгі келесі жұмыс күннен кешіктірілмей жолданады, ал формулярдың көшірмесін беру туралы сұрау салуға жауаптар осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша сұрау салу бастамашыларына олар келіп түскеннен кейін 48 сағаттан кешіктірмей жолданады.

Формулярдың 9, 10, 11-жолдарында жоғалған не қолда бар жеке басты куәландыратын құжаттың деректері жазылады. Формулярдың сыртқы бетіне жоғалған құжатты қалпына келтіру туралы құжатталушы адамның өтінішінің нөмірі және күні жазылады.

"10" коды құжатталушы адам тіркелген мекенжайын ауыстырған кезде, егер жеке басты куәландыратын құжатта толық тіркелген мекенжайы көрсетілген жағдайда және ол жаңа тіркелген мекенжайына сәйкес келмейтін (облыс, қала, аудан, көше, үй, пәтер) болған кезде көрсетіледі.

9, 10, 11-жолдарда жеке басты куәландыратын құжаттың деректері жазылады және 14-жол (бұрынғы тіркелген мекенжайы) толтырылады.

"11" коды бойынша формулярды ресімдеуді мынадай тәртіпте уәкілетті қызметкер жүзеге асырады:

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттар бойынша азаматтардан жеке басты куәландыратын құжаттарды уақтылы алмау себептерін көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш, барлық тұрған, оқу, жұмыс орындары көрсетілген толық өмірбаяны, 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттары бойынша қабылданады.

Осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген тәртіпте уәкілетті қызметкер куәландырған 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының көшірмесі тексеру материалына тігіледі.

Паспорттардағы тіркеу мөртабанының түпнұсқалылығы күмән тудырған не олар болмаған кезде уәкілетті қызметкер азаматтың азаматтығын растау үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелу заңдылығына тексеру жүргізеді. Тіркеу туралы мәліметтер аумақтық ішкі істер органдарының мекенжай-анықтамалық мұрағаты, селолық, ауылдық округтердің шаруашылық кітаптары бойынша тексеріледі. Тіркелу фактісін анықтау үшін бұрынғы тұрған орны бойынша сұрау салулар жүргізіледі.

Осы адамға паспорттың берілгенін және фотосуреттердің ұқсастығын растау, сондай-ақ ерекше белгілерінің (шет мемлекеттің азаматтығы, паспортты ауыстыру, жоғалту, құзыретті органдардың сұрау салулары туралы) болуын тексеруді жүзеге асыру үшін уәкілетті қызметкер осы паспортты берген органға осы Қағидаларға 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша суреті бар (1-нысан) формулярдың көшірмесін және оның берілгенін растайтын 1974 жылғы үлгідегі паспорттарды есепке алатын 2-нысанды кітаптан (бұдан әрі - 2-нысанды кітап) жазбаларды ұсыну туралы сұрау салу жолдайды. Формулярдың көшірмесін ұсыну туралы (1-нысан) сұрау салуға жауап осы Қағидаларға 12-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жолданады.

Паспорттық елтаңбалы мөрмен расталған 1-нысан көшірмесі және 2-н кітабынан алынған жазбалары бар мәліметтер тексеру материалына тігіледі.

Уәкілетті қызметкер азаматты Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығуы не оны жоғалтуы, республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға кетуі, республика аумағына шетелдік ретінде тіркелуі жөніндегі есептер бойынша тексеруді жүргізеді. Тексеру бойынша мәліметтер тексеру материалдарына тігіледі.

Жеке басын анықтау үшін уәкілетті қызметкер азаматтың фотосуреті мен онымен бірге ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша жақын туыстарын немесе азаматты

кемінде 10 жылдан бері білетін адамдарды тарта отырып, осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша адамның жеке басын тану хаттамасын толтырады.

Азаматтың жеке басын анықтау және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін растау кезінде уәкілетті қызметкер осы Қағидаларға 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жеке басын анықтау және Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын растайтын құжаттарды беру бойынша қорытынды (бұдан әрі – жеке басын анықтау бойынша қорытынды) шығарып, қорытындыларды тіркеу журналына тіркейді, оның нөмірі мен күні формулярдың сыртқы бетінде бос жерге көрсетіліп, паспорттық елтаңбалы мөрмен бекітіледі.

Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде 1992 жылғы 1 наурызға тұрақты тіркелгенін растайтын құжаттар болмаған кезде, егер азаматтар Қазақстан Республикасында тіркеу есебінен шығарылған және тоғыз ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жаңа келген орны бойынша тіркелмеген болса, уәкілетті қызметкер азаматтың азаматтығын анықтауға тексеру жүргізеді.

Тексеру аяқталғаннан кейін азаматтарға Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрінің 2016 жылғы 28 қаңтардағы № 85 бұйрығымен (бұдан әрі – ПМ-нің № 85 бұйрығы) бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 13391 болып тіркелген) Ішкі істер органдарының Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау және Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру, оның ішінде жеңілдетілген тәртіппен (тіркеу тәртібімен), азаматтықтан шығу, азаматтықты жоғалту, азаматтықтан айырылу және Қазақстан Республикасының азаматтығына жататындығын айқындау мәселелері бойынша өтінішхаттарды (өтініштерді) қабылдау, ресімдеу және қарау Қағидаларына 13-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігін растайтын анықтама (бұдан әрі – 13-нысанды анықтама) беріледі.

13-нысанды анықтама Қазақстан Республикасының азаматын паспортпен және жеке куәлікпен құжаттандыру туралы шешім қабылдауға негіз болып табылады, 13-нысанды анықтама және 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының берілгенін растайтын 1-нысан көшірмесі болған кезде тексеру материалдарын қалыптастыру жүргізілмейді, бұл ретте 1-нысан көшірмесін азаматтық және иммиграция бөлімі 13-нысанды анықтамамен бірге ұсынады.

Формулярды ресімдеу кезінде 13-нысанды анықтаманың нөмірі мен күні және анықтаманы берген орган формулярдың бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалы мөрмен расталады.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттың жоғалуына байланысты "11" код бойынша формуляр ресімдеу үшін азаматтардан:

жеке басын куәландыратын құжаттарды жоғалту және уақтылы алмау себептерін көрсете отырып, еркін нысандағы өтініш;

барлық тұрған, оқыған, жұмыс істеген жерлері көрсетілген толық өмірбаян қабылданады.

Уәкілетті қызметкер осы адамға паспорттың берілгенін және фотосуреттердің ұқсастығын растауға, Қазақстан Республикасының азаматтығын растау үшін Қазақстан Республикасының аумағында тіркелу заңдылығына, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығынан шығу не одан айырылу, республикадан тыс жерлерге тұрақты тұруға шығу, республика аумағында шетел азаматы ретінде тіркелу мәніне азаматты тексеру жүргізеді. Тексеру бойынша мәліметтер тексеру материалдарына тігіледі.

Азаматтың фотосуреті мен біруақытта ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша, жақын туыстарын немесе азаматты кемінде 10 жылдан бері білетін адамдарды тарта отырып, адамның жеке басын тану хаттамасы толтырылады.

Азаматтардың 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттарын жоғалту туралы өтініштерінің негізінде осы Қағидаларға 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1974 жылғы үлгідегі паспортты жоғалтқаны туралы іс басталады. Осы іске тіркеу нөмірі беріледі: алымы – өтініштердің тіркеу нөмірі, бөлімі – ағымдағы жылдағы істердің реттік нөмірі. 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттарын жоғалту туралы істер осы Қағидаларға 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша 1974 жылғы үлгідегі паспорттарды жоғалту туралы істерді тіркеу журналында тіркеледі.

Азаматтың жеке басы анықталған және Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі расталған кезде, уәкілетті қызметкер екі жұмыс күні ішінде жеке басын тексеру нәтижелері және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру бойынша қорытынды шығарады, оны Ішкі істер басқармасының (бөлімінің) бастығы не оның орынбасары бекітеді және қорытындыларды тіркеу журналында тіркеледі.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда жоғалған 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының деректері, ал формулярдың бос орынға паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылған жоғалту туралы істің нөмірі мен күні жазылады.

Қазақстан Республикасының аумағында, оның ішінде 1992 жылғы 1 наурызға тұрақты тіркелгенін растайтын құжаттар болмаған кезде, егер азаматтар Қазақстан Республикасында тіркеу есебінен шығарылған және тоғыз ай ішінде Қазақстан Республикасының аумағында жаңа келген орны бойынша тіркелмеген болса, азаматқа оның азаматтығын анықтау үшін тексеру жүргізіледі, аяқталғаннан кейін оған Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін (және паспортын) әзірлеу үшін формуляр ресімдеу туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылатын 13-нысанды анықтама беріледі.

13-нысанды анықтама және 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортының берілгендігін растайтын 1-нысанның көшірмесі болған кезде тексеру материалдарын

қалыптастыру жүргізілмейді, бұл ретте 1-нысанның көшірмесін азаматтық және иммиграция бөлімі 13-нысанды анықтамамен бірге береді.

Формулярды ресімдеген кезде 13-нысанды анықтаманың нөмірі мен күні және анықтаманы берген орган формулярдың бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалы мөрмен расталады.

Жеке басты куәландыратын құжаттар беруге алғаш рет өтініш білдірген және туу туралы куәлігін ұсынған 18 жастан асқан адамдарға формулярды ресімдеу олардың жеке басын тексеріп, Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі анықтағаннан кейін жүзеге асырылады.

"11" коды бойынша көрсетілген санаттағы адамдарға формуляр ресімдеу үшін азаматтан:

жеке басты куәландыратын құжатты уақтылы алмау себебі көрсетілген еркін нысандағы өтініш;

барлық тұрған жері, оқу, жұмыс орындары көрсетілген толық өмірбаяны;
туу туралы куәлігі (салыстырып тексергеннен кейін қайтарылады);

ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаты (салыстырып тексергеннен кейін қайтарылады) қабылданады.

Осы Қағидалардың 14-тармағында белгіленген тәртіппен уәкілетті қызметкер куәландырған туу туралы куәліктің, ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмелері тексеру материалына тігіледі.

ХҚТ ТП-да туу туралы мәліметтер болмаған жағдайда ұсынылған туу туралы куәлікті растау үшін АХАТ органына туу туралы акті жазбасының көшірмесі алу үшін екі жұмыс күні ішінде сұрау салу жіберіледі.

Уәкілетті қызметкер азаматтың фотосуретімен біруақытта ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша, жақын туыстарын немесе азаматты кемінде 10 жылдан бері білетін адамдарды тарта отырып, адамның жеке басын тану хаттамасын толтырады.

Екі жұмыс күні ішінде жеке басын тексеру нәтижелері бойынша қорытынды шығарылады, оны Полиция басқармасының (бөлімінің) бастығы не оның орынбасары бекітеді, содан кейін ол қорытындыларды тіркеу журналында тіркеледі.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдарда туу туралы куәліктің деректері формулярдың бос орынға паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылған жеке басын тексеру қорытындысының нөмірі мен күні жазылады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттары және Қазақстан Республикасында кәмелеттік жасқа толғанға дейін тұрақты тіркеуі жоқ 18 жастан асқан адамдарға олардың азаматтығын анықтауға тексеріс жүргізіледі, аяқталғаннан кейін оларға Қазақстан Республикасының азаматын паспортпен және жеке куәлікпен құжаттандыру туралы шешім қабылдау үшін негіз болып табылатын 13-нысанды анықтама беріледі.

13-нысандағы анықтама болған кезде тексеру материалдары жүргізілмейді.

Формулярды ресімдеу кезінде 13-нысанды анықтаманың нөмірі, күні және анықтаманы берген орган формулярдың бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалы мөрмен расталады.

Азаматтар Қазақстан Республикасының азаматтылығына тиесілігі туралы 13-нысанды анықтамаларды ұсыну кезінде оларды берген күннен бастап бір жыл өткеннен кейін азаматтар 13-нысанды анықтаманы қайта алуға жіберіледі.

13-нысанды анықтамалар (не оның телнұсқалары) аумақтық бөліністерде ұдайы сақталуға жатады.

"12" коды Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған адамдарға формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда ПМ-нің № 85 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау, Қазақстан Республикасының азаматтығын қалпына келтіру туралы анықтаманың (бұдан әрі - 7-нысанды анықтама) деректері жазылады. 15-жолда – бұрынғы азаматтығы, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған күні (азаматтығы жоқ адамдар үшін – АЖА "990" коды) көрсетіледі.

Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы Қазақстан Республикасының Президенті Жарлығының (бұдан әрі – Жарлық) нөмірі не Қазақстан Республикасының азаматтығын жеңілдетілген тәртіппен қабылдау туралы ішкі істер органдарының қорытындылары формулярдың бос орында көрсетіледі және паспорттық елтаңбалы мөрмен расталады.

Бұрын ата-аналарымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдаған балаларға Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі мен паспортына формулярлар ресімдеу олардың ата-аналарының 7-нысанды анықтамасының немесе анықтамалардың телнұсқалары негізінде жүзеге асырылады. Формулярдың сыртқы жағындағы бос орынға туу туралы куәліктің нөмірі, күні, оны берген орган көрсетіледі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы Жарлықтың не ішкі істер органдарының қорытындысы көрсетіледі.

Туу туралы куәлік олардың заңдастыруы не апостиль қоюы болмауы себепті формулярды ресімдеу үшін негіз бола алмаған жағдайларда, балаларды ресімдеу ішкі істер органдары олардың ата-анасына балаларының айқындамалық деректерін көрсете отырып, беретін 7-нысанды анықтамалардың ұсынылған телнұсқалары бойынша жүзеге асырылады.

Формулярдың бос орынға 7-нысанды анықтаманың телнұсқасы атына берілген ата-анасының жеке куәлігінің нөмірі және берілген күні, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдаған Жарлықтың нөмірі көрсетіледі.

Бұрын ата-анасымен бірге Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданған, бірақ Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды

уақтылы алмаған 18 жастан асқан адамдарды ресімдеу көрсетілген адамдарға ішкі істер органдары қайта берген 7-нысанды анықтамалардың негізінде жүзеге асырылады.

Азаматтыққа қабылдау туралы анықтамалар (не олардың телнұсқалары) аумақтық бөліністерде тұрақты сақталуға жатады;

"13" коды тек паспорттың жоғалтқан Қазақстан Республикасының азаматтарына формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда жеке куәліктің деректері жазылады, ал формулярдың бос орынға паспорттық елтаңбалы мөрмен куәландырылған азаматтың паспорттың қалпына келтіру туралы өтінішінің нөмірі мен тіркелген күні көрсетіледі.

16 жасқа дейінгі балаға дайындалған паспорт жоғалған кезде, құжатын қалпына келтіру туралы өтінішті оның ата-анасының біреуі немесе заңды өкілі ұсынады.

"14" код формулярды елді мекен атауының өзгеруіне байланысты толтырған кезде көрсетіледі. 14-жол толтырылмайды, ал 9, 10, 11-жолдарда бар құжаттың деректері жазылады.

"15" коды формулярды Қазақстан Республикасында тұрақты тұру үшін шетелден қайтып оралған Қазақстан Республикасының азаматтарына жеке куәлікке толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 14-жол (бұрынғы тұрғылықты жері) толтырылады, ал 9, 10, 11-жолдарда Қазақстан Республикасы азаматының қолында бар паспорттың деректері көрсетіледі.

Қазақстан Республикасынан тыс жерлерден Қазақстан Республикасының аумағына уақытша болу мақсатында келген Қазақстан Республикасының азаматтарына Қазақстан Республикасының паспорты негізінде болу орны бойынша уақытша тіркеу ресімделеді.

Республикадан тыс жерлерден тұрғылықты тұруға келген Қазақстан Республикасының азаматтары паспорттың, бұрын тұрған елінен есептен шыққанын растайтын құжатты не бұрын тұрған елінің құзыретті органы берген азаматтығының жоқтығы туралы анықтаманы ұсынады.

Бұрын тұрған елінен есептен шыққанын растайтын құжаты, азаматтығы жоқтығы туралы анықтама болмаған кезде, азамат бұрын тұрған елінен көрсетілген құжаттардың бірі сұратылған (алынған) кезеңге уақытша болатын (тұратын) жері бойынша тіркеледі.

Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары азаматқа берген Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрақты тұруға кетуіне байланысты тіркеу есебінен шығу туралы мөртабан басылған мекенжайдан кету парағының түпнұсқасы оны берген күнінен бастап үш айдан астам мерзімге ұсынылған кезде уәкілетті ішкі істер органы тіркеудің және бұрын тұрған елдің азаматтығында болу мәніне тексеріс жүргізеді.

Қазақстан Республикасының шетелдердегі мекемелері берген қайтып оралуға арналған куәлік бойынша Қазақстан Республикасына келген Қазақстан Республикасының азаматтарын тіркеу одан әрі жоғалған құжатты қалпына келтіре отырып, осы құжат бойынша жүргізіледі, бұл ретте мекенжайдан кету парағын ұсыну талап етілмейді.

"16" коды құжаттардың түрлерінің өзгеруіне байланысты иесінің қалауы бойынша жеке куәлікке және паспортқа формуляр толтыру кезінде көрсетіледі.

"17" коды қолындағы жеке куәлігі немесе паспорты негізінде алғаш рет Қазақстан Республикасы азаматының паспортын не жеке куәлігін алу үшін формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қолындағы жеке куәлігінің немесе паспортының деректері жазылады.

"18" коды жеке басын куәландыратын құжаттардың жарамдылық мерзімінің өтуіне байланысты формуляр толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бар жеке басын куәландыратын құжаттың деректері жазылады.

2) шетелдіктерді және азаматтығы жоқ адамдарды құжаттандыру кезінде:

"00" коды Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын азаматтығы жоқ адамдардың 16-жасқа толмаған балаларына азаматтығы жоқ адамның куәлігіне формуляр толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда тұрғылықты жері бойынша баланың тіркеуде болуына тексеру жүргізілген туу туралы куәліктің деректері, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі - ЖСН) жазылады, формулярдың сыртқы жағындағы бос орында көрсетіледі.

Балалардың жеке басын сәйкестендіруді жүргізу үшін олардың жеке қатысуы қажет. ЖСН болмаған кезде оны генерациялауды республика азаматтарымен бірге жалпы негіздерде аумақтық бөліністер жүзеге асырады;

"03" коды тұрақты тұратын шетелдіктің шыққан елінің азаматтығын өзгертуіне байланысты формулярды толтыру кезінде көрсетіледі. Бұл ретте, 9, 10, 11 жолдарда шетелдіктің бұрынғы тұруға ықтиярхатының деректері жазылады. Формулярдың сыртқы жағындағы бос орынға ұлттық паспорттың нөмірі, берілген күні және берген орган көрсетіледі;

"04" коды Т.А.Ә (ол болған кезде) ауыстыру кезінде формулярды толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы құжаттың деректері жазылады, 5-жолда бұрынғы тегі, ал 3 және 4-жолдардың астында бұрынғы аты, әкесінің аты көрсетіледі.

Осы көрсетілген код бойынша азаматтығы жоқ адамдарды құжаттандыру некеге тұру не бұзына байланысты таңдаған тегін ауыстыру кезінде некеге тұру (бұзу) туралы куәліктегі жазбаға сәйкес жүзеге асырылады, олардың деректері формулярдың сыртқы жағындағы бос орынға жазылады;

"05" коды туған күнін өзгерткен кезде көрсетіледі, бұл ретте, 9, 10, 11-жолдарда бұрынғы жеке басты куәландыратын құжаттың деректері жазылады;

"04, 05" кодтары бойынша формулярды толтыру кезінде шетелдіктің жеке басын сәйкестендіру шетелдіктің ұлттық паспортына сәйкес жүргізіледі;

"06" коды жеке басты куәландыратын құжаттарда жіберілген жазбаларда сәйкессіздіктер анықталған жағдайда көрсетіледі. 9, 10, 11-жолдарда сәйкессіздіктер анықталған құжаттың деректері жазылады.

Формулярды ресімдеу шетелдіктерді құжаттандыру кезінде фотосуреттердің сәйкес келмеуі анықталғаннан басқа республика азаматтарымен бірге жалпы негіздерде жүзеге асырылады.

Шетелдіктің жеке басын растау ұлттық паспорттың негізінде жүргізіледі;

Сонымен, "07" коды құжаттың пайдалануға жарамсыздығы (бүлінуі, ескіруі, техникалық ақаулар, азаматтығы жоқ адамның куәлігінің барлық беттері пайдаланылған) жағдайларда көрсетіледі.

Сонымен бірге, "07" коды формулярды "талап етілмеген" себебі бойынша деректер базасына жарамсыздар разрядына енгізілген құжаттың негізінде ресімдеген кезде көрсетіледі;

"09" коды құжатты жоғалту себебі бойынша формулярды толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте, 9, 10, 11-жолдарда жеке басты куәландыратын құжаттың деректері жазылады.

Жеке басты куәландыратын құжаттарды жоғалтқан адамдар ішкі істер органдарына осы Қағидаларға 9-қосымшаға сәйкес нысан бойынша құжатын қайда, қашан және қандай жағдайларда жоғалтқанын көрсетумен жазбаша өтініш береді.

Жеке басты растауға және жоғалтқан құжат туралы мәліметті беруге тексерісті деректер базасында уәкілетті қызметер жүргізеді;

"10" коды құжаттандырылатын адамдар тіркелген мекенжайларын өзгерту кезінде көрсетіледі, егер жеке басты куәландыратын құжатта тіркелген мекенжай (облысы, қала, аудан, көше, үй, пәтер) жаңа тіркелген мекенжайға сәйкес келмеген болса.

9, 10, 11-жолдарда жеке басты куәландыратын құжаттың деректері жазылады және 14-жол (бұрынғы тұрған жері) толтырылады;

"11" жол шетелдіктерді, азаматтығы жоқ адамдарды алғаш рет құжаттандыру кезінде көрсетіледі.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға формулярды "11" код бойынша ресімдеуді уәкілетті қызметкер мынадай тәртіпте жүзеге асырады:

шетелдіктерге:

Қазақстан Республикасында тұрақты тұруға рұқсат беру туралы шешім қабылданған кезде және тұрғылықты жеріне тіркелген кезде формулярдың 9, 10, 11-жолдарында шетелдіктің ұлттық паспортының деректері жазылады;

азаматтығы жоқ адамдарға:

ішкі істер органдарымен Қазақстан Республикасының азаматтығына, қандай да бір мемлекеттің азаматтығына тиесілігі анықталмаған кезде, бұл ретте, формулярдың 9, 10, 11-жолдарында 1974 жылғы үлгідегі паспорттың немесе туу туралы куәліктің деректері жазылады;

қандай да бір мемлекеттің азаматтығы жоқ адамдар мәртебесінде Қазақстан Республикасына келгендер, бұл ретте, формулярдың 9, 10, 11-жолдарында келген елдің азаматтығы жоқ адамның куәлігінің деректері жазылады;

Президенттің Жарлығы бойынша Қазақстан Республикасының азаматтығынан шыққан кезде, формулярдың 9, 10, 11-жолдарында ПМ-нің № 85 бұйрығымен бекітілген Қағидаларға 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша азаматтықтан шығу туралы анықтаманың деректері жазылады;

Келген елдің азаматтығынан шығу кезінде, формулярдың 9, 10, 11-жолдарында тиісті мемлекеттің құзыретті органы берген басқа елдің азаматтығы тоқтатылғаны туралы анықтаманың нөмірі, берілген күні және берген орган көрсетіледі (анықтаманың көшірмесі ресімделген формулярмен бірге Қазақстан Республикасы ПМ КҚКК-ге жолданады);

"14" коды формулярды елдімекеннің атауы өзгеруі себебі бойынша толтыру кезінде көрсетіледі. 14-жол толтырылмайды, ал 9, 10, 11-жолдарда қолда бар құжаттың деректері жазылады.

"18" коды формулярды шетелдіктің тұруға ықтиярхатының не азаматтығы жоқ адамның куәлігінің қолданылу мерзімі өтуіне байланысты толтыру кезінде көрсетіледі, бұл ретте 9, 10, 11-жолдарда қолда бар құжаттың деректері жазылады.

"01", "02", "08", "12", "13", "15", "16", "17" кодтары бойынша шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарды құжаттандыру жүргізілмейді.

Формулярды толтыруға жеке басты куәландыратын құжаттың жарамдылық мерзімінің өтуіне бір ай қалған кезде рұқсат етіледі.

Ескерту. 12-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2017 № 814 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

13. Он күн сайын жоғалған, ұрланған, күші жойылған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы, сондай-ақ қайтыс болғаны, Қазақстан Республикасының азаматтығынан иелерінің шығуы не одан айырылғаны туралы ақпарат бар кезде алынбағаны, жеке басты куәландыратын құжаттарды берудің негізсіздігі туралы мәліметтер Полиция департаменттерінің (бұдан әрі – ПД) көші-қон қызметі бөліністерінде жинақталады және одан әрі Қазақстан Республикасы Ұлттық қауіпсіздік комитетінің Шекара қызметіне мемлекеттік шекараны кесіп өту кезінде алып қою және ПМ КҚКК-нің деректер базасына түзетулер енгізу үшін жолданады. Жоғалған, ұрланған, сондай-ақ негізсіз берілген және алынбаған жеке басты куәландыратын құжаттар туралы мәліметтер он күн сайын ПД Қазақстан Республикасының Ішкі істер министрлігінің Қазақстан Республикасындағы "Интерпол" Ұлттық орталық бюросына жолдайды.

ТАӘ (олар болған жағдайда), ұлтын, туған жерін, күнін ауыстыруға байланысты формулярларды толтыру кезінде ҚСЖАЕАЖК-ның аумақтық басқармасына әр айдың

15 және 30-ы күніне жоғарыда көрсетілген айқындамалық деректерді ауыстыруға байланысты жеке басын куәландыратын құжаттарды ауыстыру мәселесі бойынша аудандық және қалалық ішкі істер органдарына жүтінген Қазақстан Республикасының азаматтары туралы мәліметтер жолданады.

Ескерту. 13-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

14. Құжаттарды қабылдаған уәкілетті қызметкер тексеру материалдарына тігілген барлық анықтамалар мен құжаттардың көшірмелерін құжаттың түпнұсқасымен салыстыра отырып тексереді, содан кейін құжаттың көшірмелеріне "Көшірмесі дұрыс" деген жазба қойып, паспорттық елтаңбалы мөрмен растайды, салыстыра тексеруді жүргізген қызметкердің Т.А.Ә. (ол болған кезде), лауазымы көрсетіліп, қолы қойылады.

15. Құжаттандыру мәселелері бойынша өтініш білдірген адамдардың өтініштері ішкі істер органының кеңсесінде тіркеледі, жеке басын анықтау, айқындамалық деректерін ауыстыру бойынша қорытынды қорытындыларды тіркеу журналына тіркеледі.

16. Құжаттандыру мәселелері бойынша азаматтар ұсынған құжаттардың түпнұсқалығы, фотосуреттерінің ұқсастығы немесе Қазақстан Республикасының азаматтығына тиесілігі күмән тудырса, сондай-ақ формулярды негізсіз ресімдегені анықталған кезде, уәкілетті қызметкер мерзімі үш жұмыс күніне дейін құжаттандырылатын адамның жеке басына қосымша тексеру жүргізеді.

Жоғарыда көрсетілген санаттағы адамдарды тексеру аяқтағаннан кейін уәкілетті қызметкер екі жұмыс күні ішінде олардың жеке басын анықтау және жеке басын куәландыратын құжаттарды беру бойынша қорытынды шығарады, оны Полиция басқармасының (бөлімінің) бастығы немесе оның орынбасары бекітеді, содан кейін қорытындыларды тіркеу журналына тіркейді. Жеке басты куәландыратын құжаттарды беруге формулярды толтыру кезінде осы Қағидалардың "06" кодын толтыру үшін көзделген тәртіппен жасалған қорытындының, азаматтың жеке басын тану хаттамасының нөмірі мен жасалған күні формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында көрсетіледі және елтаңбалы мөрмен куәландырылады.

Ескерту. 16-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

17. Формулярдағы 2, 3, 4, 5, 6, 7, 8, 12-жолдар оны толтыру үшін негіз болған құжатқа сәйкес толтырылады. Формулярдағы және жеке басты куәландыратын құжаттар алуға түбіртектегі Т.А.Ә. (ол болған кезде) жазба бірдей болуы тиіс. 7-жолда ерлерге - 1, әйелдерге - 2 саны қойылады.

Формулярдағы 9, 10, 11-жолдар кодтарды бірге қоя отырып, оны ресімдеу үшін негіз болған құжатқа сәйкес толтырылады:

"01" туу туралы куәлік;

"02" 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорты;

"03" Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

"08" Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау туралы анықтама, азаматтығы жоқ немесе азаматтығы тоқтағаны туралы анықтама (азаматтығы жоқ адамның куәлігін ресімдеген кезде);

"12" Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

"13" шет мемлекетте уәкілетті органдар берген шетелдіктің паспорты, азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

"14" шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруға ықтиярхаты;

"15" Қазақстан Республикасының уәкілетті органдары берген азаматтығы жоқ адамның куәлігі.

11-жол қысқартусыз толтырылады, құжатты берген қалалық, аудандық органның атауы, сондай-ақ облыстың, республикалық маңызы бар қалалардың және астананың атауы толық көрсетіледі.

Формулярдың 12-жолында Қазақстан Республикасының аумағында туған адамдар үшін көрсетілген құжатқа сәйкес тиісті жолдарда – облыс, республикалық маңызы бар қалалар, аудан және оларға тиісті кодтар, елді мекен жазылады. Шетелде туған адамдарға тиісті жолдарда тек елдің атауы жазылады, коды осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес елдердің анықтамалығына сәйкес көрсетіледі.

Формулярдың 13, 14-жолдары тиісті жолдарда құжаттандырылатын адамның қазіргі және бұрынғы тіркелген тұрғылықты жерінің мекенжайы көрсетіле отырып, толтырылады. Бұл ретте, 13-жолда міндетті түрде келген күні толтырылады. Деректер базасында көрсетілген деректеме болмаған жағдайда, уәкілетті қызметкер деректер базасында көрсетілген мекенжай бойынша жеке тұлғаның бастапқы тіркелген күнін қалпына келтіру үшін мекенжай-анықтамалық архивтің мәліметтері, формулярлардың мұрағаттық картотекалары, азаматтар ұсынған азаматтарды тіркеу кітаптары бойынша мекенжайлық түзету жүргізеді. Шетелде уақытша болатын Қазақстан Республикасы азаматтарының паспорттарын алуға формулярды ресімдеу кезінде "тұрғылықты жері" деген 13-жолда олардың Қазақстан Республикасындағы тұрғылықты жері бойынша тіркелуінің өзекті мекенжайы көрсетіледі, ол "Жеке тұлғалар" мемлекеттік деректер базасына жіберіледі. Формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында шетелде уақытша болу мекенжайы көрсетіледі.

14-жол тек тіркелген мекенжайын ауыстырған кезде, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтары Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін қайтып оралған кезде толтырылады.

Формулярдың 15-жолы мынадай жағдайларда толтырылады:

егер құжатталатын адам Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылданса, бұл ретте, тиісті жолдарда бұрын азаматтығында тұрған елдің және азаматтыққа қабылданған күні және осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес анықтамалық бойынша азаматтығы бар елдің коды көрсетіледі;

формуляр азаматтығы жоқ адамдарға толтырылған кезде, тиісті жолдарда "990" коды қойылады.

Формулярдың 16-жолы құжаттанушы адамның отбасылық жағдайына сәйкес бір, екі, үш, төрт кодтарын қою арқылы толтырылады. "Екі" кодын қою кезінде жұбайының Т.А.Ә. (ол болған кезде), некенің тіркелген күні және некені тіркеген орган, жұбайлардың некеге тұрғанға дейінгі бұрынғы тегі жазылады.

Формулярдағы 17-жолда тиісті жолдарда 16 жасқа толмаған балалардың Т.А.Ә. (ол болған кезде) және туған күні жазылады. Егер құжаттанушы адамның 16 жасқа толмаған үштен көп балалары болса, олар туралы мәлімет формулярға жапсырылатын "17-жолға қосымша" деген жазба енгізілген жеке парақта жазылады.

Формулярдың 18, 19-жолдарында ата-анасының Т.А.Ә. (ол болған кезде) және олардың туған күні жазылады. Құжаттанушы адамның ата-анасы туралы қандай да бір мәлімет болмаған жағдайда 18, 19-жолдарда "Мәліметтер жоқ" деген жазба жазылады.

Формулярдың 20-жолында жеке басты куәландыратын құжаттардың нөмірлері және олардың әзірленген күні, иесінің құжаттарды алған күні, оның қолы, сондай-ақ құжатты берген қызметкердің тегі мен қолы көрсетіледі.

Азамат Ішкі істер органдарына қайтарылуға жататын жеке басты куәландыратын құжаттарды жоғалтқан жағдайда адамнан еркін нысанда жазылған, құжатты жоғалтудың мән-жайын көрсетілген өтініш алынады, оның тіркеу нөмірі формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында көрсетіледі.

Ескерту. 17-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

18. Жеке басты куәландыратын құжаттарды алуға түбіртек толтырылғаннан кейін формуляр бланкісінен бөліп алынады және құжаттанушы адмға беріледі.

19. Формулярды толтырудың негізділігі мен дұрыстығы формулярды толтырған уәкілетті қызметкердің қолымен, оған берілген дербес коды көрсетіле отырып, расталады. Дербес кодтар деректер базасында сақталады, формулярларды ресімдейтін уәкілетті қызметкерлерге оларды ресімдегені үшін дербес жауапкершілік жүктеледі. Уәкілетті қызметкерлердің дербес кодтары басқа адамдарға қолдану үшін беруге жол берілмейді.

Қазақстан Республикасы азаматтарына формулярларды ресімдеуге рұқсат берілген уәкілетті қызметкерлердің дербес кодтары бес таңбалы әріпті-санды индекстерден тұрады, ондағы 1-ші белгі (латын әрпі)- облыстың коды, 2-ші белгі (орыс тілі

алфавитінің әрпі) - ауданның коды, 3-ші, 4-ші және 5-ші белгілер – өңір ішінде уәкілетті қызметкерлердің реттік тіркеу нөміріне сәйкес келетін 00 ден - 999 дейінгі араб сандары.

Шетелдіктер мен азаматтығы жоқ адамдарға формулярлар ресімдеуге жіберілген уәкілетті қызметкерлердің дербес кодтары үш таңбалы цифрлік индекстерден тұрады, 1-белгі – облыстың коды, 2-белгі – аудан коды, 3-белгі – уәкілетті қызметкердің тіркеу реттік нөмірі.

Формулярларды ресімдеуге рұқсаты бар уәкілетті қызметкерлер ауысқан кезде олардың дербес кодтары жарамсыз деп есептеледі, ал жаңадан тағайындалғандарға жаңа дербес кодтар осы бөліністе пайдаланылмаған, бос реттік нөмірлердің қатарынан келесі код белгісін көрсете отырып беріледі. Дербес кодтардың әріптік индекстерін ПМ КҚКК береді, цифрлық индекстерді ПД жаңартады және ПД бастықтарының бұйрықтарымен бекітіледі.

Ескерту. 19-тармаққа өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2017 № 814 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

20. Жеке басын куәландыратын құжаттарды бергені үшін мемлекеттік баждың төлегені туралы түбіртектерде формулярлардың нөмірлері жазылады. Түбіртектер құжаттарды дайындауға жіберілетін формуляр тізілімдемесінің бір данасымен салық органы ревизия жүргізгенге дейін формулярдың толтырылған жері бойынша ішкі істер органдарында сақталуы тиіс. Ревизия жүргізілгеннен кейін бір жылдан соң түбіртектерді қатаң есептегі бланкілердің тексеріс актілерінде құжаттар үшін төленген жалпы соманы көрсете отырып, ішкі істер органының ішкі тексеру комиссиясы жояды.

2-параграф. ХҚТ ТП және ШҚТ ТП ақпараттық жүйелері арқылы жеке басын куәландыратын құжаттарды әзірлеу үшін электрондық формулярларды ресімдеу, толтыру

21. Жеке басын куәландыратын құжаттарды әзірлеу үшін электрондық формуляр ХҚТ ТП ақпараттық жүйесі арқылы ресімделеді және толтырылады. Электрондық формулярдың нөмірі мен штрих-коды автоматтандырылған режимдегі бірыңғай ақпараттық жүйемен қалыптастырылады.

22. Электрондық формулярдың негізділігі мен дұрыс толтырылуы уәкілетті қызметкердің электрондық-цифрлық қолымен (бұдан әрі – ЭЦҚ) расталады.

ЭЦҚ электрондық цифрлық қол құралдарымен жасалған және электрондық құжаттың дұрыстығын, оның тиесілігін және мазмұнының өзгермейтіндігін растайтын электрондық цифрлық символдар жиыны болып табылады және электрондық өтінімді құжаттандыруға және орталық торапқа тіркеуге (тіркеу есебінен шығаруға) жіберу кезеңінде қолданылады.

ЭЦҚ тұлғаның өз қолымен қойылған қолына теңестірілген және электрондық формулярға қол қою үшін бірдей заңды жауапкершілікті жүктейді.

ЭЦҚ оған заңды негізде ие болған адамдардың меншігі болып табылады және басқа адамдарға оны қолдану үшін берілмейді.

23. ЭЦҚ алу үшін ПД уәкілетті қызметкерлерді тағайындайды, олар өтінім беру, аумақтық бөліністердің уәкілетті қызметкерлерін сәйкестендіру процесін өткізу және тіркеу куәліктерін алу үшін жауапты болады.

Ескерту. 23-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

24. ЭЦҚ қайта алу үшін мерзімі өтерден он күн бұрын жаңа өтінім беру қажет. ХҚТ ТП және ШҚТ ТП-да жұмысты жүзеге асыратын уәкілетті қызметкерлер ауысқан кезде, ЭЦҚ алынбалы тасымалдағышпен бірге ПД-ге тапсырылады. ПД-ның уәкілетті қызметкері тіркеу куәлігін кері шақыртып алуға өтінім береді.

Ескерту. 24-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

25. Уәкілетті қызметкерлер ХҚТ ТП және ШҚТ ТП-нің ақпараттық жүйесінде тіркелген атпен жұмыс істейді, ол деректер базасында сақталады және ХҚТ ТП және ШҚТ ТП жүйесіндегі өзінің әрекеттеріне дербес жауапкершілікте болады.

26. Электрондық формулярды толтыру үшін құжаттар үшін мемлекеттік баждың төленгені туралы түбіртеккі және жеке басын куәландыратын құжаттарды ресімдеу себебіне байланысты төменде санамаланған құжаттардың бірін ұсыну қажет:

1) Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін алуға электрондық формулярды ресімдеу кезінде:

туу туралы куәлік;

Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігі;

Қазақстан Республикасы азаматының паспорты;

7-нысанды анықтама;

2) Шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхат алу үшін электрондық формуляр ресімдеу кезінде:

жарамды ұлттық паспорты;

шетелдіктің тұруына ықтиярхат.

3) азаматтығы жоқ адамның куәлігін алу үшін электрондық формулярды ресімдеу кезінде:

қолданылу мерзімі өткен шетелдік паспорт;

азаматтығы жоқ адамның куәлігі;

1974 жылғы үлгідегі паспорт (бұрынғы Кеңестік Социалистік Республикалар Одағы);

әскери билет;
бас бостандығынан айыру орындарынан босатылғаны туралы анықтама;
шыққан елінің құзыретті органы берген шыққан елінің азаматтығын тоқтатқандығы туралы анықтама;

туу туралы куәлік (он алты жасқа дейінгі адамдарға ресімдеген кезде);

Қазақстан Республикасының шетелдік мекемелері беретін қайта оралуға арналған куәлік (шетелде уақытша жүрген азаматтығы жоқ адамның куәлігі жоғалған кезде).

4) жол жүру құжатын алу үшін электрондық формулярды ресімдеу кезінде:
босқындар:

туу туралы куәлігін (16 жасқа толмаған босқындардың жол жүру құжатын алу кезінде);

азаматтығы жоқ адамның куәлігін;

шетелдік паспортын;

өтінім берген күнге босқын мәртебесінің қолданылу мерзімі кемінде 3 ай босқын куәлігін;

шығарылып жіберілетін адамдар:

азаматтығы жоқ адамның куәлігін;

шетелдік паспортын;

реадмиссияланатын адамдар:

туу туралы акт жазбасын;

туу туралы куәлігін;

азаматтығы жоқ адамның куәлігін;

шетелдік паспортын.

Ескерту. 26-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 29.09.2022 № 770 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

27. Азаматтар ұсынған ЖСН бар жеке куәлік, паспорт, туу туралы куәлік немесе берілген жапсырмасы бар ЖСН, қосымша туу туралы куәлік бойынша деректер базасында жеке басын сәйкестендіру жүргізіледі. Уәкілетті қызметкер азаматтардың деректерін олар ұсынған құжаттар бойынша деректер базасында тексеруді жүргізеді. Деректер базасында азаматтар туралы мәліметтерде сәйкес келмеулер анықталған жағдайда, электрондық формулярға азамат куәландырған деректер енгізіледі. Жүргізілген өзгерістер уәкілетті қызметкердің "қосымша ақпарат" жолындағы жазбасымен расталады.

28. Құжаттандыру туралы шешім қабылдағаннан кейін өтінім ХҚТ ТП, ШҚТ ТП-ға тіркеледі. Өтінімде:

тапсырыс берген құжаттың түрі;

құжатты алу себебі;

құжатты толтыру тілі;

паспорттағы азаматтың ұлтын жазу туралы белгі;

электрондық формулярды толтыру үшін негіз болып табылатын құжат көрсетіледі.

28-1. Жол жүру құжатын беруге электрондық формулярды ресімдеу кезінде "тапсырыс берілетін құжаттың түрі" жолында "В" латынша бас әрпі автоматты түрде қойылады.

Босқындарды құжаттандыру кезінде "азаматтық" деген жолда анықтамалыққа сәйкес "991 босқын" коды көрсетіледі.

Ескерту. Қағида 28-1-тармақпен толықтырылды - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

29. Өтінім тіркелгеннен кейін уәкілетті қызметкер өтінімді тіркеу талонын, электронды формулярды толтыру, сондай-ақ суретке түсіру, қол қою, дайын құжаттарды алу үшін азаматтарға берілетін өтінімді тіркеу талонын басып шығарады.

30. Азаматтың фотобейнесі суретке түсіру арқылы, азаматтың қолы сканерлеу арқылы электронды формулярға енгізіледі.

ХҚТ ТП және ШҚТ ТП-да азаматты суретке түсіру тегін жүргізіледі.

Фотосурет ашық және таза орындалуы тиіс. Басты еңкейтуге немесе бұруға болмайды (мысалы, жанынан түсірілген фото), фотосуретке түсуші камераға тіке қарауы және оның беті бейтарап, аузы жабық, көздері ашық және анық көрінуі, көзілдірік көзді жауып қалмауы тиіс, шағылыстыратын және күн сәулесінен қорғайтын көзілдіріктерді киіп түсуге жол берілмейді. Фотосуретке бас киіммен түсуге болмайды, тек діни тұрғыда және медициналық себептерге байланысты рұқсат беріледі, бұндай жағдайда бет иектің төменгі жағынан бастап маңдайға дейін көрініп тұруы керек. Құжаттандырылатын адамның нысанды киімде түскен фотосуреті қабылданбайды.

Омыраудағы балаларды және мектепке дейінгі балаларды жеке басты куәландыратын құжаттарға фотосуретке түсіру барысында бетін және дене мүшелерін көрсетпей, артынан біреудің ұстауына жол беріледі.

31. ХҚТ ТП-да, ШҚТ ТП-да электрондық формулярларды толтыру мынадай кодтар бойынша жүргізіледі:

"00" 16 жасқа толмаған балаларға жеке басты куәландыратын құжат беру;

"01" 16 жасқа толу;

"03" Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктердің азаматтық елін өзгерту;

"04" тегін, атын, әкесінің атын (ол болған кезде) өзгерту;

"05" туған күнін өзгерту;

"06" жазбаның дұрыс еместігі;

"07" құжаттың одан әрі қолдануға жарамсыздығы;

"08" Қазақстан Республикасы азаматының өзінің ұлтын өзгертуі;

"09" жеке басын куәландыратын құжаттардың жоғалуы (Қазақстан Республикасы азаматының паспортынан басқа);

"10" заңды мекенжайын ауыстыру;

"11" шетелдіктерді немесе азаматтығы жоқ адамдарды алғаш рет құжаттандыру кезінде, сондай-ақ 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО-ның паспортын немесе оны жоғалтуына байланысты қалпына келтіру үшін ұсынған Қазақстан Республикасы азаматтарын құжаттандыру кезінде, не алғаш рет жеке басты куәландыратын құжаттар алуға қолдау хатпен жүгінген 18 жастан асқан адамдар туу туралы куәліктер ұсынған кезде;

Қазақстан Республикасының немесе шет мемлекеттің уәкілетті органдары берген азаматтығы жоқ адамның куәлігінің (адамды Қазақстан Республикасының азаматы деп таныған жағдайда) негізінде паспорт, жеке куәлік беру, сондай-ақ шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұру ықтиярхаты не азаматтығы жоқ адамның куәлігімен алғаш рет құжаттандыру;

"12" Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдау;

"13" Қазақстан Республикасы азаматының паспортты жоғалтуы;

"14" қолданыстағы әкімшілік-аумақтық бөлініске байланысты елді мекендер атауының өзгеруі;

"15" Қазақстан Республикасына тұрақты тұру үшін қайта оралуына байланысты Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін алуы;

"16" иесінің қалауы бойынша құжат түрлерінің өзгеруіне байланысты;

"17" қолда бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігінің немесе паспортының негізінде алғаш рет жеке басын куәландыратын құжаттар алу;

"18" жеке басын куәландыратын құжаттардың жарамдылық мерзімінің аяқталуы.

Ескерту. 31-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

32. Электрондық формулярды толтыру кезінде құжатты алу себептерінің бір немесе бірнеше коды (жеті кодқа дейін) көрсетіледі, бұл ретте электрондық формулярларды толтыру кодына сәйкес осы Қағидалардың 11-тармағын басшылыққа алу қажет.

33. Электрондық формулярды толтыру кезінде:

"00", "01" кодтары - ұсынылған ЖСН бар туу туралы куәлік не оған ЖСН берілген жапсырмасы бар туу туралы куәлік бойынша деректер базасында ЖСН бойынша сәйкестендіру жүргізіледі.

Егер құжатталушы адам 16 жасқа толғанға дейін жеке басын куәландыратын құжат алған жағдайда, онда ол 16 жасқа толуы бойынша электрондық формулярды толтыру кезінде бұрын берілген құжаттың деректері көрсетіледі.

Электрондық формуляр туу туралы куәліктің негізінде толтырылған кезде ата-анасының біреуінің жеке басын куәландыратын құжатының нөмірі, күні және оны берген орган туралы мәліметтер "қосымша негіз" жолына енгізіледі.

"03" коды – Қазақстан Республикасында тұрақты тұратын шетелдіктер азаматтығы бар елін өзгерткен кезде. Бұл ретте, 9, 10, 11-жолдарда шетелдіктің бұрынғы тұруға ықтиярхатының деректері жазылады, "қосымша негіз" жолында ұлттық паспортының нөмірі, берілген күні және берген орган көрсетіледі;

"04" коды - Т.А.Ә (ол болған кезде) өзгерткен кезде көрсетіледі. Неке қию, бұзу, айқындамалық деректерді өзгерту туралы куәліктің, қайта берілген туу туралы куәліктің, заңды күшіне енген сот шешімінің (олар болған кезде) нөмірін, күнін және оны берген органды, шетелдіктің ұлттық паспортының нөмірін және берген күнін уәкілетті қызметкер электрондық формулярдың "қосымша негіз" жолына енгізеді;

"05" коды - туған күнін өзгерткен кезде көрсетіледі. Айқындамалық деректерін өзгерту, туу туралы куәлікті қайтадан алу туралы куәліктің (олар болған кезде) нөмірін, күнін және берген органды, туған күнін өзгерту туралы ішкі істер органы қорытындысының нөмірі мен күнін уәкілетті қызметкер "қосымша негіз" жолына енгізеді;

Шетелдіктерді "04" және "05" кодтары бойынша құжаттандыру шетелдіктің ұлттық паспортына сәйкес жүргізіледі, шетелдіктің ұлттық паспортының нөмірін, күнін және берген органды уәкілетті қызметкер электрондық формулярдың "қосымша негіз" жолына енгізеді, бұл ретте жеке басын тексеру ішкі істер органдары мен Қазақстан Республикасы Бас прокуратураның Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚСЖАЕАК) есептері бойынша жүргізіледі.

"06" коды - айқындамалық деректерде, туған жері туралы мәліметтерде айырмашылықтар анықталған жағдайда көрсетіледі. Тексеріс аяқталғаннан кейін "қосымша негіз" жолында электрондық формулярға енгізілген өзгерістерді растайтын құжаттың деректері енгізіледі.

Деректердің ақпараттық базасындағы құжатталушы адамның фотосуретінің жеке басын куәландыратын құжаттағы фотобейнесімен сәйкес келмейтіні анықталған кезде уәкілетті қызметкер құжатталушы адамның жеке басын және құжаттардағы сәйкес келмеушіліктің себептерін тексеруді жүргізеді.

Тексеріс нәтижелері бойынша жеке басты тану хаттамасы осы Қағидаларға 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оның фотокарточкасы мен біруақытта ұсынылған танылатын адамның сыртқы келбетімен мүмкіндігінше ұқсас келетін басқа адамдардың кемінде үш фотосуреті бойынша басқа адамдардың фотокарточкаларымен бірге жақын туыстарын немесе азаматты кемінде 10 жылдан бері білетін адамдарды тарта отырып толтырылады, содан кейін екі жұмыс күні ішінде қорытынды шығарылады және формулярмен және жою туралы актімен бірге ПМ КҚҚК-ге жолданады. Қорытындыны тіркеу қорытындыларды тіркеу журналында жүргізіледі. "Қосымша негіз" жолында жеке басын анықтау бойынша қорытындының нөмірі мен күні көрсетіледі, ал "қосымша ақпарат" жолында фотосуреттердің сәйкес келмеу себептері көрсетіледі.

Азаматтың фотосуреттерінің сәйкестігі расталған жағдайда "қосымша ақпарат" жолында "№ құжаттағы және № электрондық өтінімдегі Т.А.Ә. (ол болған кезде) фотосуреттерінің сәйкестігі Полиция басқармасының (бөлімінің) (хаттаманың жасалған күні) жеке басын тану хаттамасымен расталады" деп көрсетіледі, ал "қосымша негіз" жолында жеке басын анықтау жөніндегі қорытындының нөмірі мен күні көрсетіледі;

"07" коды - құжат пайдалануға жарамсыз болған (Қазақстан Республикасының азаматы паспортының бүлінуі, ескіруі, техникалық ақаулар, барлық беттерінің пайдаланылуы, жеке басын куәландыратын құжатта ЖСН-ның болмауы және т.б.) жағдайларда көрсетіледі. Электрондық формулярды ресімдеудің негізі болып жарамсыз құжаттың деректері жазылады, ал "қосымша ақпарат" жолында құжаттың жарамсыз болуының нақты себебі көрсетіледі. Бүлінуіне, жеке басын сәйкестендірудің мүмкін болмауына байланысты пайдалануға жарамсыз құжат формулярды толтыру кезінде алынады;

"08" коды - Қазақстан Республикасының азаматы өз ұлтын өзгерткен кезде көрсетіледі. Ұлтын өзгерту туралы қорытындының нөмірі мен күні электронды формулярдың "қосымша негіз" жолына енгізіледі;

"09" коды - жеке басты куәландыратын құжатты жоғалтқан кезде көрсетіледі, құжатталушы адамның өтінішінің тіркеу нөмірі мен күні "қосымша негіз" жолына енгізіледі;

"10" коды - тіркелген мекенжайы өзгерген кезде көрсетіледі, егер жеке басын куәландыратын құжатта көрсетілген толық заңды мекенжайы (қала, аудан, көше, үй, пәтер) жаңа тіркелген мекенжайымен сәйкес келмеген жағдайда, жеке куәлікті ауыстыру қажет болады.

Электрондық формулярды ресімдегенге дейін ХҚТ ТП және ШҚТ ТП ақпараттық жүйелері арқылы тіркеу жүргізіледі;

"11" коды - шетелдіктерді не азаматтығы жоқ адамдарды бастапқы құжаттандыру кезінде, сондай-ақ 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын немесе және жоғалту бойынша оны қалпына келтіру не 18 жастан асқан адамдарға жеке басты куәландыратын құжаттар беру туралы бірінші рет өтініш білдіргендерге туу туралы куәлік көрсеткен Қазақстан Республикасының азаматтарын құжаттандыру кезінде көрсетіледі;

"12" коды – Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау кезінде көрсетіледі, электрондық формулярды толтыру үшін негіз Қазақстан Республикасының азаматтығына қабылдау туралы анықтама болып табылады. Жарлық нөмірі не Қазақстан Республикасы азаматтығына жеңілдетілген тәртіппен қабылдау туралы ішкі істер органының қорытындысы "қосымша негіз" жолында көрсетіледі;

"13" коды - Қазақстан Республикасының азаматының паспорты жоғалған кезде көрсетіледі, жоғалған паспортты қалпына келтіру туралы азамат өтінішінің тіркеу нөмірі мен күні "қосымша негіз" жолына енгізіледі".

Мынадай:

"Босқындарды - "00-03", "08", "10", "12-17";

Қазақстан Республикасының тыс жеріне реадмиссиялауға және шығарып жіберуге жататын адамдарды - "00-10", "12-18" кодтары бойынша жол жүру құжаттарымен құжаттандыру жүзеге асырылмайды.

Ескерту. 33-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 05.03.2021 № 135 (01.01.2022 бастап қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

34. Электрондық ақпарат тасымалдағышы бар жеке куәлікті ұсынған кезде азаматтардың жаңа тұрғылықты орны бойынша Қазақстан Республикасының паспортын алуы үшін электрондық формулярды толтыру микросхемаға (чип) мекенжай ақпаратын қайта жазу рәсімінен кейін жүргізіледі.

35. Азаматтың анықтамалық деректерін ағылшын тіліне транскрипциялау ХҚТ ТП және ШҚТ ТП-да автоматты түрде жүргізіледі. Қажет болған жағдайда транскрипция осы Қағидалардың 10-тармағында белгіленген тәртіппен жүргізіледі және оны ХҚТ ТП және ШҚТ ТП-да уәкілетті қызметкер өзгертеді. "Қосымша ақпарат" жолында азаматтың өтінішінің тіркеу нөмірі және күні енгізіледі.

36. Электрондық формулярды толтырғаннан кейін азаматтарға енгізілген мәліметтердің дұрыстығын тексеру және жеке қолын растау үшін ақпараттық парақ басылып шығарылады.

Ақпараттық парақ ішкі істер органдарының көші-қон қызметінің бөліністерінде азаматтар дайын құжатты алғанға дейін сақталады және акті толтырусыз жойылады.

Ескерту. 36-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

Ақпараттық парақ ішкі істер органдарының көші-қон полициясы бөліністерінде азаматтар дайын құжатты алғанға дейін сақталады және акті толтырусыз жойылады.

37. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарды бергені үшін мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртекте өтінімді тіркеу талонының нөмірі жазылады.

38. Толтыру аяқталғаннан кейін электрондық формулярлар уәкілетті қызметкерлердің тексеру жүргізуі үшін жергілікті деректер базасында сақталады.

Қателер немесе айырмашылықтар анықталған жағдайда уәкілетті қызметкер түзету енгізеді және ол қол қоятын ақпараттық парақ қайта басып шығарылады. Бірінші және екінші санаттағы жеделдік бойынша толтырылған электрондық формулярлар үшін тексеру мерзімі бір жұмыс күнін, үшінші санатты жеделдік бойынша екі жұмыс күнін, жалпы тәртіппен толтырылған электронды формулярлар үшін оларды толтыру күнінен бастап бес жұмыс күнін құрайды.

39. Электрондық формулярдың негізділігі мен толтыру дұрыстығы тексеруден кейін уәкілетті қызметкердің ЭЦҚ-мен расталады, содан кейін электронды формуляр ХҚТ ТП-ның орталық торабына тізілімдеме толтырусыз жөнелтіледі.

40. Фотосуреттің сәйкессіздігі анықталған кезде, сондай-ақ деректер базасындағы электрондық формулярлардағы мәліметтердің сәйкес келмеуі анықталған ресімдеу кодтары сәйкес келмеген, графикалық ақпарат сапасыз жасалған (суреті, қолтаңбасы) кезде электрондық формулярлар "АӨО" РМК-дан қайтару себебін көрсете отырып құжаттарды дайындамай ІІМ КҚКК арқылы ХҚТ ТП, ШҚТ ТП-ға қайтарылады.

Ескерту. 40-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Ішкі істер министрінің 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

41. Жол берілген қателер үшін немесе сәйкес келмеуіне байланысты қайта ресімдеуге жіберілген электронды формулярлар олардың аумақтық ішкі істер органдарына келіп түскен күннен бастап кемінде үш жұмыс күні мерзімінде өңделеді, содан кейін олар құжаттарды дайындау үшін қайта жолданады.

42. Түзетулерді жасау, дайындалған жеке куәліктер мен паспорттарды "АӨО" РМК-дан ІІМ КҚКК-ға және ПД-ға жолдау тәртібі, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтарына дайындалған паспорттарды және (немесе) жеке куәліктерді беру осы Қағидалардың 51, 53, 54, 55, 56, 57-тармақтарында бекітілген тәртіпте жүргізіледі.

Ескерту. 42-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

3-параграф. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарын әзірлеу үшін формулярларды ресімдеу, толтыру

43. Бас бостандығынан айыру орындарында жазасын өтеп жатқан адамдарға Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін беру үшін формулярды ішкі істер органдары қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің орналасқан жері бойынша ресімдейді

Жеке куәлік 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспортын көрсету немесе оны жоғалтуына байланысты қалпына келтіру кезінде бірінші рет ресімделген жағдайда, сондай-ақ жеке басын куәландыратын құжаттарды алу үшін алғаш рет өтініш жасаған және туу туралы куәлігін ұсынған 18 жасқа толған адамдарға олардың азаматтығын, жеке басын анықтау, құжаттардың берілгенін растау және фотосуретінің сәйкестігін анықтау үшін тексеру материалын қалыптастыруды қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі жүзеге асырады.

Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттары жоғалған кезде, жазасын өтеуші адамнан қылмыстық-атқару жүйесі мекемесі аумақтық ішкі істер органының басшысының атына жеке куәлігінің жоғалу жағдайлары көрсетілген жазбаша өтінішін қабылдайды.

Жеке басын растау және жеке басын куәландыратын жоғалған құжат туралы мәліметтерді беру үшін тексеруді уәкілетті қызметкер картотека бойынша екі жұмыс күні ішінде немесе деректер базасы арқылы жүргізеді.

Жеке басын растау және жоғалған жеке басын куәландыратын құжаттың туралы мәліметтерді беру үшін тексеруді деректер базасында жүргізу мүмкін болмаған жағдайда, қылмыстық-атқару жүйесінің мекемесі жоғалған жеке куәлікті бұрын ресімдеген ішкі істер органынан паспорттық елтаңбалы мөрмен және лауазымды тұлғаның қолымен расталған формулярдың көшірмесін сұратады.

Көрсетілген құжаттар қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің жазасын өтеуші адамды құжаттандыру туралы қолдаухатымен, мемлекеттік бажды төлегені туралы түбіртекпен бірге тиісті көші-қон қызметі бөлінісінің уәкілетті қызметкеріне ұсынылады.

Жоғарыда көрсетілген адамдарға жеке басты куәландыратын құжаттарды беру үшін формулярды уәкілетті қызметкер олардың орналасу орындары бойынша толтырады.

Бұл ретте 13 – "тұрғылықты жері" жолында сотталған адамның тұрғылықты жері бойынша тіркеудің өзекті мекенжайы көрсетіледі, ол "Жеке тұлғалар" Мемлекеттік деректер базасына беріледі. Сотталған жазасын өтеп жүрген қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің орналасқан жері (облыс, қала, аудан, елді мекен, қылмыстық-атқару жүйесі мекемесінің атауы) формулярдың сыртқы бетіндегі бос орында көрсетіледі және елтаңбалы мөрмен расталады.

Формуляр жеке басты куәландыратын құжатты әзірлеу үшін толтырылған күннен кейінгі келесі күні жолданады.

Жазасын өтеуші адамдарға құжаттарды "АӨО" РМК-да әзірлеу мерзімі өндіріске келіп түскен күннен бастап 2 жұмыс күнін құрайды.

Құжаттар әзірленгеннен кейін формулярлар оларды ресімдеген ішкі істер органдарының картотекаларына орналастырылады.

Әзірленген жеке куәлік сотталған адамның жеке ісінде сақталады және ол бас бостандығынан айыру орындарынан босатылған кезде беріледі.

Электрондық ақпарат тасымалдағышы (чип) жоқ жеке басты куәландыратын құжат азамат тұрғылықты жеріне келгеннен кейін ауыстыруға жатады.

Ескерту. 43-тармаққа өзгерістер енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2017 № 814 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

4-параграф. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттарын дайындау үшін Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің "Ақпараттық-өндірістік орталығы" республикалық мемлекеттік кәсіпорнына формуляр бланкілерін беру

44. Формулярлар толтырылғаннан кейін аудандық (қалалық) көші-қон қызметі бөлімдері деректер базасы не формулярлар картотекасы бойынша азаматтарға бұрын берілген жеке басты куәландыратын құжаттардың, сондай-ақ қызметтік белгілердің бар болуына тексерісті жүзеге асырады. Барлық деректер мен фотосуреттердің ұқсастығы салыстырылады.

Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның куәлігін алуға ресімделген формулярлар үшін тексеру мерзімі – 2 жұмыс күнін құрайды, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін алуға ресімделгендер – бір жұмыс күні, бұл ретте формулярды толтыру күні есептелмейді.

Ескерту. 44-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

45. Тексеру жүзеге асырылғаннан кейін, аудандық (қалалық) көші-қон қызметі бөліністері осы Қағидаларға 16-қосымшаға сәйкес нысан бойынша төрт данада формулярларды жөнелту үшін аудандық (қалалық) ішкі істер органдарында тізілім толтырады, онда тізілімге енгізілген формулярлардың нөмірлері, азаматтың Т.А.Ә. (ол болған кезде), толтыру күні, себебі, формулярлар саны көрсетіледі. Бұл ретте тізілімдер құжаттардың түрлері және толтыру себептерінің кодтары бойынша жеке қалыптастырылады:

"01";

"00", "07", "09", "10", "13", "14", "15", "16", "17", "18";

"03", "04", "05", "08";

"06";

"11";

"12";

"пысықтау";

"тергеу-қамауындағылар";

"сотталғандар";

"ШЫХ";

"АЖА".

Тізілімнің үш данасы формулярлармен бірге ПД-ға жолданады.

1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттының ауыстырылуына, олардың жоғалуына байланысты, 18 жастан асқан адамдарға туу туралы куәлігінің негізінде

ресімделген формулярлар ПД-ға жеке тізілімдермен тексеру материалдарын қоса бере отырып, құжаттарды жедел дайындағаны үшін төлем қабылдаусыз жолданады.

Тексерістен кейін 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттар бойынша, 18 жастан асқан адамдарға туу туралы куәліктері бойынша, 1974 жылғы үлгідегі бұрынғы КСРО паспорттарының жоғалуы бойынша, олар болған кезде материалдарда: тексерген күні, ПД халықты құжаттандыру және ішкі көші-қонды бақылау бөлімінің оларды ресімдеудің негізділігі мен дұрыстығын тексерген қызметкердің тегі, лауазымы және қолы қойылады, одан кейін материалдар аудандық (қалалық) көші-қон қызметі бөліністеріне қайтарылады.

Ескерту. 45-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

46. Формулярлардың толтыру дұрыстығы мен негізділігіне тексергеннен кейін, сондай-ақ Қазақстан Республикасының азаматтығын қабылдауға байланысты ресімделген адамдарды Жарлықпен және жеңілдетілген тәртіпте Қазақстан Республикасы азаматтығын қабылдаған адамдар бойынша тізімдермен салыстыра тексергеннен кейін ПД аудандық (қалалық) бөліністерден алған тізілімдер мен формулярлардың негізінде формулярларды ПД-дан ПМ КҚҚК-ға жөнелту үшін аудандық, қалалық көші-қон қызметі бөлінісінің атауын, аудандық, қалалық тізілімдердің шығыс нөмірлерін және толтырылған күнін, оларға енгізілген формулярлардың санын көрсете отырып, осы Қағидаларға 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша үш данада жиынтық тізілім толтырады.

Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұру ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның куәлігін алуға ресімделген формулярларды ПД-да тексеру – келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды, Қазақстан Республикасы азаматының паспортын және (немесе) жеке куәлігін алуға ресімделгендер – келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күніне дейінгі мерзімді құрайды. Жиынтық тізілімге ПД халықты құжаттандыру және ішкі көші-қонды бақылау бөлімінің бастығы қол қояды және аудандық (қалалық) бөліністер тізілімдерінің екі данасын қоса бере отырып, ПМ КҚҚК-ға жолданады, жиынтық тізілімнің бір данасы және аудандық (қалалық) бөліністің жиынтық тізілімінің бір данасы ПД-ның жеке номенклатуралық ісінде қалады.

ПД-да тексеру кезінде анықталған пысықтау үшін кері қайтаруға жататын формулярлар алу себебін көрсете отырып, аудандық, қалалық бөліністер тізілімдерінен алып тасталады және жиынтық тізілімдерді құрастырған кезде есепке алынбайды.

Ескерту. 46-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

47. ПМ КҚҚК деректер базасындағы бар адам туралы мәліметтердің сәйкес келмеуіне байланысты "АӨО" РМК-дан формулярларды кері қайтару кезінде негізсіз құжаттандыру фактілерін анықтау бойынша жұмыс жүргізеді.

Формулярларды дұрыстығына және толтыру негізділігіне, сондай-ақ (қағаз тасымалдағышта толтырылған) іздестірудегі адамдарды автоматтандырылған база бойынша тексерілгеннен кейін аудандық, қалалық бөліністердің формулярлары және ПД бөлімінің жиынтық тізілімімен құжаттар дайындау үшін ПМ КҚҚК-дан "АӨО" РМК-ға өндіріске беріледі, бұдан кейін формулярлармен және дайын болған құжаттармен бірге оларды одан әрі ПД-ға жолдау үшін қайтарылады.

Қазақстан Республикасында шетелдіктің тұруға ықтиярхаты және азаматтығы жоқ адамның куәлігін алуға ресімделген формулярларды ПМ КҚҚК-ға тексеру – келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күнін, Қазақстан Республикасы азаматының жеке куәлігін және (немесе) паспортын алуға ресімделгендер (қағаз тасымалдағышта) – келіп түскен күнінен бастап бір жұмыс күнді құрайды.

"АӨО" РМК-дан дайындалған құжаттар "Іздестіру" белгісімен келіп түскен кезде ПМ КҚҚК оларды іздестірудегі адамды ресімдеген орны бойынша ПД Көші-қон қызметі басқармасына оларды жеке тізіліммен жолдайды.

Ескерту. 47-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

48. "АӨО" РМК-да жеке куәліктер мен паспорттарды әзірлеу мерзімі: құжаттарды жеделдетіп әзілеуге толтырылған формулярлар үшін – бір жұмыс күнді, жалпы тәртіпте толтырылғандарға – формулярлардың өндіріске келіп түскен күнінен бастап екі жұмыс күнді құрайды.

Шетелдіктің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхатты және азаматтығы жоқ адамның куәлігін дайындау мерзімі: құжаттарды жеделдетілген түрде дайындауға толтырылған формулярлар үшін – бір жұмыс күнді, жалпы тәртіпте толтырылғандарға – формулярлардың өндіріске келіп түскен күнінен бастап үш жұмыс күнді құрайды.

Ескерту. 48-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

49. ПМ КҚҚК, "АӨО" РМК және ПД жіберілген қателері немесе сәйкес келмеулері, сапасыз графикалық ақпарат үшін аумақтық ішкі істер органдарына пысықтауға қайтарылған формулярлар аудандық, қалалық көші-қон қызметінің бөліністеріне келіп түскен күнінен бастап кемінде екі жұмыс күнінен аспайтын мерзімде пысықталады, содан кейін олар жеке тізілімдермен құжаттарды дайындауға қайта жолданады. Бұл ретте ілеспе хатта пысықтауға қайтарылған осы формулярлар бойынша тізілімдерінің бұрынғы шығыс нөмірлері көрсетіледі (әрбір формуляр бойынша шығыс нөмірін жеке көрсету қажет). ПД, ПМ КҚҚК, "АӨО" РМК-дан пысықтауға қайтарылған

формулярлар осы Қағидаларға 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша пысықтауға қайтарылған формулярларды тіркеу журналында есепке алынады.

Ескерту. 49-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

50. Айқындамалық деректеріндегі және туған жеріндегі мәліметтердің сәйкес келмеуі анықталған жағдайда тексеру аяқталғаннан кейін "қосымша негіз" жолында не формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға формулярға енгізілген өзгерістерді растайтын құжаттардың деректері көрсетіледі. Қажеттігіне қарай жеке басты куәландыратын құжаттағы деректер дұрыс емес болған жағдайда қосымша "06" коды қойылады.

51. Егер бұрын дайындалған құжаттар "заңсыз берілген", "қайтыс болуына байланысты", "азаматтықтан шығу", "Қазақстан Республикасынан тыс жерге тұрғылықты тұруға шығу", "жоғалғандар" себептер бойынша жарамсыз құжаттар разрядына енгізілсе, ал құжаттардың жарамсыздығы туралы деректер тексеріс барысында расталмаған жағдайда, түзетулер енгізу қажет.

Қалалық, аудандық ішкі істер органдары тексеріс аяқталғаннан кейін екі жұмыс күні ішінде ПД-ға тексеріс материалдарын қоса бере отырып, түзету қажеттілігі туралы жазбаша хабарлама жолдайды. Аумақтық ішкі істер органдарынан келіп түскен сәттен бастап екі жұмыс күніне дейінгі мерзімде ПМ КҚҚК-ге тексеріс материалдарының көшірмелерін қоса бере отырып, түзету қажеттілігі туралы ПД жазбаша негіз жолдайды.

Деректер базасына түзетулер енгізгеннен кейін формуляр құжат дайындауға жолданады.

"АӨӨ" РМК үшін деректер базасына түзетулер енгізу мерзімі ПМ КҚҚК-ден түзетулер енгізудің қажеттілігі туралы жазбаша негіз келіп түскен сәттен бастап бір жұмыс күнін құрайды.

Егер дайындалған құжаттар "талап етілмеген құжаттар" себебі бойынша жарамсыздар разрядына енгізілсе, формулярды ресімдеу алдыңғы құжаттың (оның ішінде жарамсыз) негізінде, талап етілмеген құжатты ресімдеу себебін көрсете отырып жүргізіледі. Егер жалғыз құжат "талап етілмеген құжаттар" себебі бойынша жарамсыздар құжаттар разрядына енгізілсе, формулярды ресімдеу осы құжаттың негізінде "07" ресімдеу себебін көрсете отырып жүргізіледі.

Ескерту. 51-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 05.12.2017 № 814 (алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі); өзгеріс енгізілді – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрықтарымен.

52. Құжаттар пысықталғаннан кейінгі формулярлар және жазудың нақты болмауы бойынша "АӨО" РМК-да: өндіріске келіп түскен күннен бастап – бір жұмыс күні ішінде дайындалуға жатады.

53. Дайындалған жеке басты куәландыратын құжаттарды ПД-ға жолдау кезінде ИМ КҚКК осы Қағидаларға 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада дайындалған құжаттарды, формулярларды ПД КҚКК-ден ПД-ға, ПД-дан ҚАІБ-ге жолдау үшін тізілім құрастырады. Бір данасы ИМ КҚКК-де қалады, ал тізілімнің екінші данасы тізілімге енгізілген формулярларды және дайын құжаттарды жолдауға "АӨО" РМК-ның ілеспе хатымен формулярлармен және дайын құжаттармен ПД-ға жолданады.

Ескерту. 53-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

54. ПД-ға келіп түскен дайындалған құжаттары мен формулярлары бар тізілімдерді ішкі істер органдары жалпы тәртіппен тіркейді, аудандық (қалалық) бөліністер бойынша бөледі және дайындалған құжаттарды жөнелтуге арналған тізілімдер бойынша береді.

Ескерту. 54-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

55. Пысықтау бойынша құжаттарды дайындауға формулярларды жолдауға, дайындалған құжаттарды жолдауға арналған тізілімдер "АӨО" РМК-ның ілеспе хатымен бірге аудандық, қалалық бөліністерде, ПД, ИМ КҚКК-де жеке номенклатуралық істе сақталады.

Ескерту. 55-тармақ жаңа редакцияда – ҚР Ішкі істер министрінің 18.03.2020 № 225 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

56. Дайын құжаттарды беру азаматтың жеке өзі немесе оның заңды өкіліне не өкілдікке өкілеттігін растайтын құжаттары натариалды расталған сенімхаты бойынша сенім білдірген адам өтініш білдірген кезде формулярды толтыру орны бойынша жүзеге асырылады.

Дайындалған жеке басты куәландыратын құжаттарды алу үшін құжатты алу түбіртегін немесе өтінімді тіркеу талонын және алып қоюға жататын құжаттарды көрсету қажет. ЖСН шартты түрде алып тастағанда, жеке басын куәландыратын құжаттар бұрынғы айқындау деректеріне жаңа ЖСН алуға ресімдеу кезінде тапсыруға жатады.

Азамат ішкі істер органдарына өткізуге жататын құжаттарды жоғалтқан жағдайда, азаматтан құжаттарды жоғалту жағдайы көрсетілген еркін нысанда жазылған өтініш

алынады, оның тіркеу нөмірі электрондық формулярдың "жарамсыз құжаттар" жолында немесе формулярдың сыртқы бетіндегі бос орынға жазылады.

Ескерту. 56-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Ішкі істер министрінің 03.08.2021 № 451 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Жеке басты куәландыратын құжатты беру фактісін тіркеу үшін ХҚТ ТП, ХҚТ ТП ақпараттық жүйелерде машина оқитын аймақты оқыту үшін электрондық құрылғы қолданылады.

Уәкілетті қызметкер азамат және дайын құжаттардың бар-жоғы туралы ақпаратты алу үшін өтінімді тіркеу талонының нөмірін ХҚТ ТП, ШҚТ ТП жүйелеріне енгізеді. Азамат өтінімді тіркеу талонын жоғалтқан жағдайда оның нөмірі ақпараттық парақтан оқылады.

Біруақытта дайын құжаттарды беру күнін тіркей отырып, бұрынғы құжаттар жаңа құжаттың шығуына байланысты автоматты түрде жарамсыздар қатарына көшіріледі, сондай-ақ ЖСН шартты түрде алып тастағанда автоматты түрде жарамсыздар разрядына ауыстырылады. Республикадан тыс жерлерге шығуға байланысты тұрғылықты жері бойынша тіркеуден шығару кезінде Қазақстан Республикасы азаматтарының жеке куәліктері мен шетелдіктердің Қазақстан Республикасында тұруына ықтиярхаттар "Қазақстан Республикасынан тыс жерлерге кету" себебін көрсете отырып, автоматты түрде жарамсыздар қатарына ауыстырылады.

Принтерде электрондық формуляр басылып шығарылады, оған азаматтың және құжаттарды берген қызметкердің қолтаңбасы қойылады, одан кейін ақпараттық парақ акті жасаусыз жойылады.

